



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№5 (645)
29 ҚАҢТАР,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ



АЛАЯҚТЫҚ: КҮДІКТІ КӨП, ЖАУАПТЫ ЖАЛҒЫЗ


«Қаржы құй, қомақты қаражатқа
кенел!». Бұл – бүгінгі алаяқтардың
ұраны. Осындай жылтыр
жарнамаға сеніп,
алаяқтықтың зардабын
тартып отырғандардың
қарасы қалыңдады.

Соның ішінде қаржылық пирамиданың уәдесіне
алданғандардың саны тым көп. Оған қоса жасанды
интеллекті де алаяқтықтың түрін көбейтіп, мәселені одан
әрі ушықтырып, көпшілікті алдап-соғудың таптырмас
құралына айналып отыр. Біздің оқырман алаяқтықтың
бірнеше түрін ғана білуі мүмкін. Сондықтан бүгін осы
тақырып төңірегінде қалам тербеп, саралап көретін боламыз.

3

Жол үстінде қанша тағдыр
қиылды?! Темір тұлпар тізгінінде
талай жан тіл тартпай кетті.
Жасы да, жасамысы да бар.
Болашағынан үміт күттірген
талай жас сол жол үстінде
қыршын кетті. Қарасаң,
жүрегің ауырады. Кейде
тіпті автокөлік рулін ұстаған
қолың да дірілдейді. Сандық
көрсеткіштерді сөйлетіп
қайтейік, өңірдің үстімен
өтетін «Батыс Еуропа –
Батыс Қытай» халықаралық
дәлізінің Қызылорда – Ақтөбе
бағытындағы бөлігінде
мұндай көріністі сан мәрте
көз көрді.

Шымбайға тиіп жүрген бұл мәселе
Сырда өткен V Ұлттық құрылтайда
көтерілді. Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев «тар жолда тайғақ
кешкендердің» бұл мәселесі биыл
шешімін табатынын айтты.



ТАР ЖОЛДА ТАЛАЙ ТАҒДЫР БАР
ҚЫЗЫЛОРДА — АҚТӨБЕ:
ЖОЛ ҚАШАН КЕҢЕЙЕДІ?

Жұмыс күнінің алғашқы үш сағатында
жедел жәрдем қызметіне 271 шақырту түсті.
Ал бір тәулікте мұндай қоңырау саны
мың жарымға жуықтайды. Десе де
Қызылордадағы жедел жәрдем
стансасының мамандары үшін
бұл үйреншікті қарбалас.

Ең қызығы, осы салада еңбек
ететін мамандардың бір күні
қалай өтетіні бізге де, оқырманға
да қызық әрі беймәлім.
Білімсіздіктің орнын толтыру үшін
облыстық медициналық жедел жәрдем
стансасына барып, ішкі тіршілікпен таныстық. Ал жедел
жәрдем жұмысының күнделікті қарбаласын бізге мекеменің
фельдшері Жалғас Шарапов көрсетті.



МИНУТ — МАҢЫЗДЫ, СЕКУНД — САЛМАҚТЫ

5-БЕТТЕ

«Халқымыздың менталитеті өте
керемет. Бірақ бүгінгі адамдардың
болмыс-бітімі оған сай келмейді.
Өміріміңнің әрбір сәті осы қазақы
үрдіспен астасып жатады. Қазақ
ұғымындағы қайсыбір жағдайға
қарасаңыз да, қыздың тұрмысқа
шығамын дегенше жағдайы да,
мәртебесі де жоғары. Ал тұрмысқа
шыққаннан кейін не билігің жоқ, не
өзіңнің өмірің жоқ. Біреу үшін өмір
сүріп, біреу үшін тірлік қыласың.
Оның қайсыбірін айта берейік», – деп
басталды редакцияға келген оқырман
хаты.

ЗАҢ БАР, АР ҚАЙДА?

Жүрек түкпіріндегі тоң болып қатқан
мұң мен шерді айтқысы келген. Әйтсе
де, әлі де толық ашылуға батылы бармай,
нәзік қолына қалам алыпты. Аты-жөнін
де жасырған. Есімін Аяулым деп алайық.
Өмірінің жиырма жылын бір отбасына
арнап, соңында өзі опық жеп, көшеде
қалыпты. Ал не дейсіз бұған?! Осы ажырасу
деген мәселе көтерілсе, қоғам «ішіме сыйған
бала сыртыма да сияды» дейтін аналарды
кінәлі етіп әлек. Бірақ жұрт не дейді деп
өмір сүретін сол баяғы дағды қаншама
тағдырды талқандап жатыр.



2-БЕТТЕ

ҚАБІЛЕТ ҚАНМЕН БЕРІЛЕ МЕ?

Адам баласы ежелден бір сұраққа жауап іздейді, «талант туа
біте ме, әлде жүре қалыптаса ма?». Әсіресе өнер мен әдебиетке
келгенде бұл сауал тіпті тереңдей түседі. Бір отбасынан бірнеше
ақын-жазушының шығуы – кездейсоқтық па, әлде расымен де
қабілет қанмен берілетін құбылыс па?

Қазақ әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек, әке жолын қуған, ата дәстүрін жалғаған
қаламгерлер аз емес. Бұл құбылыс тек биологиялық мұрагерлік емес, рухани сабақтастықтың
да айқын көрінісі. Ғылым тұрғысынан қарасақ, адамның мінезі, ойлау жүйесі, сезімталдығы
белгілі бір деңгейде тұқым қуалайды. Ал жазушылыққа аса қажет қасиеттер қатарына
терең сезіну, байқаппаздық, тілге бейімділік, қиялдың ұшқырлығы, осының бәрі де
табиғат берген ерекшеліктерге жатады.

Бірақ бір ғана ген адамды жазушы етіп шығармайды. Әдеби орта, үйдегі
рухани аура, кітапқа жақын болу, сөз қадірін естіп өсу – міне, қабілетті оятатын
негізгі күштер осылар. Сондықтан «қабілет қанмен беріледі» деу біржакты болса,
«бәрі тек еңбектен» деу де жүз пайыз шындыққа жанаспайды. Әдеби әулеттер
осы екі фактордың тоғысқан тұсы іспетті. Бірі ата жолымен қалам ұстап
шығармашылықпен айналысса, енді бірі әке мұрасын жинақтап, зерттеумен
шұғылданған. Ендеше, бүгінгі мақаламызда қазақ әдебиетіндегі рухани жалғастық
тақырыбына қалам тербеді жөн санадық.



4

АҚТӨБЕ
АКТОВЕ 600

ҚЫЗЫЛОРДА
KYZYLORDA 477

3



ЗАҢ БАР, АР ҚАЙДА?

«Әңгімені әріден бастасам... Жоғары оқу орнын бітірген бойда жақын маңдағы ауылдың жігіті алып қашты. Не бір сөйлескенім жоқ, танымаймын да. Өзімнен 7-8 жас үлкендігі бар. Амал нешік, көндік. Табаддырық көрген деген атқа қалып, ата-анамды жерге қаратқым келмеді. Басқа салғаны сол болар деп, алдыңғы толқынның өмірін мысалға келтіріп, жаман болған ешкім жоқ дедім де қалдым. Әйтпегенде, сыртымнан көздеп, нысанасына алып, оқу бітіргенімді, дайын маман болғанымды күтін жүрген олардың пайдакүнемдігінен-ақ көп нәрсесі байқауға болар еді ғой... Осылай жүріп, алғашқы балам өмірге келді. Бұрын асты-үстіме түсетін жолдасым өзгеріп сала берді. Одан кейін тағы үш баланы өмірге әкелдім. Содан бері таяқ та тоқтамады. Ол аздай атам мен енем де мені отырсам опақ, тұрсам сопақ етіп, келемежге айналдырды. Баяғы ұяң мінезім, барлығы қалды. Жиырма жылдан соң ішіме толған өкпе мен нала, реніш барлығы бір күнде сыртқа жарып шықты. Толық отбасынан жапа шегіп, зар жылағанымда тек балаларым ғана мен жақта қалып, төрт балам төрт бұрышымды толтырғандай болды. Үйден бөлек кеттім. Ал ата-енем «түбі соттасып балаларды аламыз» деді. Жолдасым «бір тиын да көмектеспеймін, аштан өліңдер» деді. Осылай өз қандарынан бас тартты. Едуге келген баласы енді бір үйленіп, балалы болуы екіталай еді...

Мен содан бері өз күшіммен бірде дәрігер болып түнгі кезекшілікте тұрсам, бірде басқа мекемелердің еденін жудым. Кейін балалар өсе келе қолқанат болды. Түптің түбінде барлық қиындықты жеңіп, маскүнем, нашакор күйеуімнің қолына қарамайтыным өзімді сендірдім, ерік-жігерімді нығайттым. Сол уақытта алғашқы қиындық туған кезде мен жолдасымнан балаларына көмектесуін, алимент беруін өтінген кездерім болды. Сотқа да жүгіндім. Бірақ қорғаушы солардың сөзін сөйледі. Ақиқатқа жете алмадым, одан да өзіме сенгенім жақсы болар деп қанша қиналсам да, күшімді жинадым. Міне, қазір балалардың ішіндегі екі үлкені – студент, кейінгілері жоғары сыныпта оқиды. Мен бар өмірімді осы балаларыма арнадым. Менің бақытым да, байлығым да, болашағым да – балалар.

Айырылысқалы бері біраз оқиға болды. Алимент бермеудің амалымен қанша жағдайларды бастан кешірдік. Тұтас ел қолын шошайтып, бізді келеке ететіндей күйге түстік. Оңашада жастыққа басымды қойып, солқылдап жылап алатын кездер де өтті. Жұрт не дейді деген көзқарасты ысырып қойдым. Олар мені асырап отырған жоқ, ал мен балаларымның ешнәрсеге мұқтаж болмауы үшін бар күшімді жұмсап жүрмін.

Бірде есік қағылды. Ашсам, арғы жағында жолдасым тұр. Менсіз бақытты боламын, басқа әйел аламын деп кеудесін қаққан оның осы бір шарасыз, мүсәпір түрі менің аяушылық сезімдімді оятты. Бөлек кетсек те, балаларымның әкесі деп, балалардың жаман ойлауына жол бермегенмін. Мына түрі, тізерлеп отырған күйін аяғаныммен, біз қысылғанда бақыр тиын бермегені көз алдымнан кетпей қойды. Бір жабылған есікті қайта ашуға болмайтынын айтып, ақылға келдім.

Иә, қазір қоғамда алимент төлемеудің түрлі амалын қарастырып, айласын асыратын адамдарды көріп, бала ортақ емес пе, олар неге балаға көмегін аяйды, қолдың кірі деген ақшаны неге қимайды деген ойға келемін. Мен секілді алиментке қолы жете алмай, өз күшімен аяғынан тұрып жатқан қаншама қыз-келіншектер бар. Оларды қоғам болып қолдау керек. Табысын жасырып, айласын асырып жүргендер әке деген аттан садаға кетсінші», – деп сөзін аяқтапты Аяулым.

Редакцияға келген дәл осы хатты оқығанда ойымыздың сан-сақса кеткені рас. Қоғамда шешімі табылмай, күн тәртібінен түспей тұрған түйткілді мәселелердің бірі алимент екені де рас. Ақшаның артын-да жүріп, екі ересек адамның арасындағы даудың салмағы қос иыққа емес, бір баланың тағдырына түсіп жатқанын аңғармай қалып жатырмыз.

Амал жоқ, қайтадан санға қараймыз. Ал санға салсақ, жағдай одан бетер ауыр. Қолдағы бар дерекке сүйенсек, былтыр жылдың ортасында елде алимент өндіру бойынша 319 мың іс есепте тұрған. Оның 310 мыңнан астамы ер азаматқа, 8 мыңнан астамы әйелге тиесілі. Ал ата-аналардың өз балалары алдындағы қарызы 18,5 миллиард теңгеге жеткен. Енді ойлаңызшы, осы ақша уақытында жетпеген соң бір бала қыста тоңып жүр, біреуі өкшесі желінген, жайбыр жауса малмандай су болатын аяқ-киіммен сабаққа кетті. Ал енді бірі парталасының қолындағы самсаға қарап, сілсекпей шұбырады.

Аймақтарға үңілсек, көрініс одан әрі айқындала түседі. Мәселен, өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысында борышкерлердің берешегі 338 миллион теңгеден асқан. Ал Шымкент қаласында балаларына алимент төлеуге міндетті 13 мыңнан астам адам бар, олардың 603-і түрлі себеппен қарызын өтеуден жалтарып жүр. Қызылорда облысында былтыр алимент өндіру санатында 15 636 атқарушылық іс жүргізу тіркеліп, оның 2 572-сі аяқталған. Осы өңірде 389 миллион теңге алимент берешегі өндірілген. Ақтау қаласында прокуратура бастамасымен борышкерлерден 280 миллион теңгеден астам қаражат өндірілді. Сонымен қатар борышкерлерді жұмысқа орналастыру арқылы алимент өндіру тетігі де бар. 2023 жылы республика бойынша 4 238 адам, 2024 жылы 6 мыңнан астам борышкер жұмысқа орналастырыла, 2025 жылдың алғашқы алты айында әділет органдары мен әкімдіктердің бірлескен жұмысы нәтижесінде 3 077 борышкер тұрақты жұмыспен қамтылған.

Борышкер бар, өтеушілерді де жоқ дей алмаймыз. Десе де, кезінде жетімін де, жесірін де жылатапаған, өзгенің баласын бауырына басқан дана қазақтың бүгін өз баласының жағдайын жасауға қауқарсыз көрінуі ойландырмай қоймайды. Өткен жылдардағы деректе соны аңғартқандай. Қараңызшы, өткеннің еншісінде қалған 2023 жылы борышкерлердің берешегі 20,6 миллиард теңгеге жеткен. Ал кейінгі жылдардағы сандар бұл мәселенің әлі де өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді.

Қоғамда бала құқығы туралы жиі айтамыз, заңнамалар бар, бағдарламалар қабылдануда, жағдай жасалған. Алайда күнделікті өмірде сол құқықтың аяққа тапталып жатқанын жиі көреміз.

Бүгінде баласын жылу батареясына байлап ұрған безбүйрек ананың видеосы әлеуметтік желіде тарап, халықты дүр сілкіндірді. Панфилов аудандық полиция қызметкерлері жедел тексеру жүргізіп, 28 жастағы әйелдің 3-4 жастағы көмелетке толмаған баласына дене жарақатын салғанын анықтады.

Осылай қылмысы әшкерс болғандар бар, ал үнсіз тоқпақтың астында қалып жатқаны қаншама?! Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалып, үнсіздікте құқығы табан астында тапталып жатқан балалардың құқығын кім қорғайды?

Баланың денсаулығын сылтауратып, оны табыс көзіне айналдырған ата-аналар туралы не айтасыз? Астанада әлеуметтік желі арқылы баласының өміне деп Дәулет пен Толқын Тотақановтар 1,5 млрд теңге жинаған. Айыптаушы тараптың мәліметінше, ерлі-зайыпты бірнеше диагнозы бар ұлы Әлішпердің атына әлеуметтік желіде парақшалар ашып, Түркияда емделу үшін деп қаражат жинаған. Алайда жиналған 1,5 млрд теңге баланың өміне емес, қымбат дүкендер мен құмар ойындарға жұмсалған. Бұдан бөлек, қайтыс болған баласының емін желеу етіп, халықтан ақша жинап келген ананың да қылмысы әшкерс болды.

2025 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында Қазақстанда балаларға қатысты 3124 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Балалар көбіне

БАЛА ДА АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙДІ

Қоғамда алимент деген ұғымды көбіне біржақты түсінеді. Заң бойынша, иә, алимент ең алдымен баланың мүддесін қорғауға бағытталған. Мәселен, ер адам отбасымен бір шаңырақ астында тұрып жатса да, тапқан табысын үйдің қажетіне емес, ішімдікке, құмар ойындарға немесе жеке әуестігіне жұмсап, отбасын материалдық тұрғыда қамтамасыз етпесе, негізгі жауапкершілік әйелдің мойнына артылады. Осындай жағдайда әйел адам сотқа жүгініп, күйеуінен алимент өндіруге құқығы бар. Екіншіден, ата-ана зорлық-зомбылық көрсетіп, баланың қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайда құқықтарынан айырылады. Кейін бала балалар үйіне орналастырылса да, ата-ананың жауапкершілігі тоқтамайды. Баланы мемлекет қамқорлығына өткізгені, яғни өз міндетін үкіметке жүктегені үшін, олардан алимент өндіріледі.

Алименттің тағы бір маңызды қыры – қарт ата-ананың құқығы. Егер бала ата-анасын қараусыз қалдырып, қарттар үйіне өткізіп жіберсе, бала-ана баласынан алимент талап ете алады.

Басты ереже ретінде алименттің бала 18 жасқа толғанға дейін төленетінін жақсы білеміз. Десе де 21 жасқа дейін де өндірілетін жағдайлар бар. Бұл жөнінде толығырақ Әділет департаментінің сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау бөлімінің басшысы Жандос Абсат түсіндірді.

– Заңға сәйкес, егер отбасында бір бала болса, алимент төлеушінің айлық табысынан немесе өзге де табыс көзінен 25 пайызы ұсталады. Екі балаға – 33 пайызы, ал үш және одан да көп балаға 50 пайызы алимент ретінде өндіріледі.

Алимент міндеті, әдетте, бала 18 жасқа толғанға дейін сақталады. Алайда бала көмелетке толғаннан кейін ақылы бөлімде білімін жалғастырса, алимент өндіру мерзімі 21 жасқа дейін ұзартылуы мүмкін. Бұл үшін алимент өндіруші тарап сотқа талап арыз беріп, баланың ақылы негізде оқып жатқанын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Мұндай жағдайда алимент бұрынғыдай пайызбен өндірілмейді. Соттың шешімі бойынша



нақты сумма бекітіледі, – деді Жандос Дәуренбекұлы.

МІНДЕТТІ АДАМ МІНДЕТІН ҰМЫТҚАНДА

Алимент мәселесіне келгенде көпшілік заңды әлсіз деп топшылайды. Алайда қолданыстағы нормаларға қарасақ, жауапкершілік тетіктері жеткілікті. Егер алимент төлеуге міндетті тұлға өз міндетін орындамаса, заң бойынша ата мен әжеден де алимент өндіріледі. Мұндай жағдайда өндіруші тарап сотқа талап арыз береді, ал шешімді сот қабылдайды.

Егер алимент төлеуші жұмыс істемесе немесе табысын растайтын құжаттарды ұсынбаса, алимент мөлшері елдегі орташа айлық жалақы негізінде есептеледі. Бұл тәртіп сот орындаушысы арқылы қолданылады. Кейін борышкер жұмысқа тұрғанын немесе нақты табысын растайтын құжаттарын ұсынған жағдайда, алимент төлемі сол айлық табыс мөлшеріне сәйкес қайта есептеледі. Ал алимент төлеуден бас тартқан немесе жалтарған жағдайда не болмақ?

– Егер алимент төлеуші төлем жасамаса, алимент мәжбүрлі түрде өндіріледі. Заң аясында мәжбүрлі өндіру шаралары

жүзеге асады. Яғни борышкердің есеп-шоттары бұғатталады, мүлкінің бар-жоғы тексеріледі. Мүлкі анықталған жағдайда, оған тыйым салынады, елден уақытша шығуына да шектеу қойылады. Сонымен қатар борышкердің жүргізуші куәлігі де уақытша жарамсыз құжатқа айналады. Бұл шаралардың барлығы сот шешімімен жүзеге асады.

Сауда саттыққа шығару тәсілі де қолданылады. Мысалы борышкердің көлігі, тұрғын үйі, жер телімі немесе басқа да мүлкі тәркіленіп, сауда-саттыққа шығарылады. Ал кей жағдайда өндірушінің тарапына өтеді, – деп толықтырды Жандос Абсат.

Бүгінде жауапкершіліктен жалтарғандарға қатысты қатаң шаралар да қолданылып жатыр. Алимент төлеу жөніндегі сот актісін орындамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабының 1-бөлігі бойынша жауапкершілік көзделген. Бұл нормаға сәйкес, сот актісін орындамау фактісі анықталған жағдайда борышкерге қатысты әкімшілік хаттама толтырылады. Іс сотқа жолданып, соттың шешімімен борышкерге әкімшілік айыппұл салу, қоғамдық жұмысқа тарту немесе 5 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа

алу жазасы қолданылуы мүмкін. Мысалы Қызылорда облысында 271 борышкер әкімшілік жауапкершілікке ілінген. Тіпті іс насырға шапқанда Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалады. Қостанай облысында 72, Қызылордада 8, Солтүстік Қазақстан облысында 16 адам алимент төлемегені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал Өскеменде жеті баласына алимент төлемеген әйелге қатысты қылмыстық іс қозғалса, Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында баласына алимент төлемей келген ер адам сотталған. Батыс Қазақстан облысында үш жыл бойы алименттен жалтарған азамат қамауға алынды.

Алименттен жалтару жазасыз қалмайды. Бірақ ең үлкен жаза соттың шешімі емес, баланың алдында өтелмей қалған қарыздың парызы екенін ұмытпаған жөн.

Бауыржан Момышұлы «сізден асқан батыр көрдіңіз бе?» дегенде «қазақ қызы менен де батыр. Жалғыз өзі танымайтын жерге, танымайтын елге барып, түтінін тұтатып, отын өшірмей отыр. Олар менен де батыр, менен де ержүрек» деген еді ғой. Біз де қазақ қыздарының батырлығын хәм батылдығын білеміз, бірақ қыз жаны нәзік болатынын, тағдыр қатты сынаса ол сол жаратқан сыйлаған нәзіктігінен айырылып, өзінің жарасымдылығын жоюынын да білген жөн.

Тақырыпқа арқау болған Аяулымның хатындағы оқиға – жалғыз бір тағдыр емес. Өкінішке қарай, осы өмірде біздің назардан тыс, көзден таса өмір сүріп жатқан қаншама кейіпкер бар. Олардың да мұң мен наласы, қайғысы мен шері бір басынан артылады. Тағдыр екіге бөлді, жараспадық деп екі айырылғаныммен өз қанынан жаралған баланың мұқтаж болмауына атсалысып, әкелер қауымы көңілдерін бөлсе екен?! Саналы түрде қолдайтындары да көп, бірақ келеке қылып, қорлайтындары одан да асады. Анаға апаратын жолды, әкенің алақанына сызып қойса, олар бір-бірінен ажырамас ұғым болуы керек еді ғой...

Сіз не дейсіз, қадірлі оқырман?!

Әлия ТӘЖІБАЙ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ КІМНІҢ ҚОРҒАУЫНДА?



жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы салдарынан (558 жағдай), ұрып-соғудан (502 жағдай), денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруден (278 жағдай), 16 жасқа толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстардан (210 жағдай) және бұзақылықтан (185 жағдай) зардап шеккен.

Міне, осындай деректерді оқығанда «ата-ана» деген қасиетті ұғымның өзі кейде мәнін жоғалтқандай күй кешесіз. Бала – Алланың аманаты, бірақ сол аманатқа қиянат жасап отырғандар өздері екенін түсінбейтін секілді. Қорған болуға тиіс жандардың қолынан жапа шеккен сәби кімге барып мұның шағады? Оның жанайқайын естігін құлақ, көз жасын сүртетін қол бар ма?

Ащы болса да, шындық. Біз көбіне «біреудің баласы ғой, не шаруамыз бар?», «жеке отбасылық мәселе» деп сырт ай-

наламыз. Құдды көзімен намаз оқыған жануарды көргендей «Аюға намазды үйреткен – таяқ» деп миға қоныссыз ақыл айтып отыратындарды қайтерсін? Қазір таяқпен тәрбие беру мүмкін емес. Бүгінгі қоғамда зорлыққа жол берілмеу керек!

Балаға жасалған әрбір қиянат ескерусіз қала берсе, ол ертең жаңа қылмыстың жасыл тетігіне айналасына кепілдік жоқ. Бүгін соққы көрген бала ертең қоғамға сенуден қалады. Ал мұның артында қандай трагедия тұрғаны айтпаса да белгілі шығар. Осының өзінде қылмысқа бейім жасөспірімдердің қатары артып, статистика мәліметі жаға ұстатарлық деңгейге көтерілді. Біреуді ұрып-соғу, балағаттау, сексуалды қылмыс, жол жүру ережелерін бұзу секілді заңға қайшы қаншама әрекет тіркелген. Әсіресе еліміздің мегапо-

лис қалаларында заңбұзушылық көп кездеседі екен.

Қош. Баланың құқығы еленбейді емес, керісінше күшейіп, заң қатайып та келеді. Тек сол заңға бағынатын мәдениеттің қалыптаспағаны осал тұсымыз болып тұр.

Шүкір, мемлекет бұл мәселеге бей-жай қарап отырған жоқ. Қызылордада өткен V Ұлттық құрылтайда Ерлан Қарин бала құқығын қорғау шаралары бір арнаға тоғыстырылып жатқанын атап өтті. Оның сөзінше, ғылым және білім, бала құқықтарын қорғау саласында маңызды бастамалар қолға алынған.

Жақында ғылыми қалашықтар құру және дамыту тұжырымдамасы қабылданды, мектептердегі заманауи тәрбие бағдарламалары жетілдірілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама әзірленіп, балалардың құқығын қорғауға бағытталған барлық шара осы құжатқа біріктірілді.

Одан бөлек, Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау мақсатында, 2026 жылға қарай балалар мекемелеріне бақылау қатаңдатылады және заңнама жаңартылады. Осы мақсатта мекемелерде алдын ала ескертусіз кенеттен тексерулер енгізіледі, баланы асырап алуды тәртібіне өзгеріс енді, сондай-ақ көмелетке толмағандардың психикалық саулығын қорғау үшін әлеуметтік желілерге қолжетімділігін шектеу мәселесі қарастырылуда.

Тіпті енді баласының көзінше темекі шегіп, ішімдік ішкен ата-аналар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұған дейін

ата-ананың жеке әдеттері «отбасылық мәселе» ретінде бағаланып, мемлекет бұл салаға барынша араласпауға тырысқан еді. Алайда көмелетке толмаған баланың психологиялық және моральдық қауіпсіздігі алдыңғы орынға шықты. Заңға сәйкес, баланың көзінше алкоголь немесе темекі тұтыну ата-аналық міндетті орындамау болып есептеліп, айыппұл салуға негіз болады. Сонымен қатар 2024 жылдың 16 маусымынан бастап балаларға тек келген физикалық жаза қолдануға қолықтай тыйым салынды. Бұрын «тәрбие тәсілі» ретінде қабылданған белбеумен немесе аяқ-киіммен ұру сияқты әрекеттер енді Қылмыстық кодекстің 109-1-бабына сәйкес тергеледі. Бұл өзгерістер атананың еркіндігін шектеу емес, баланың қауіпсіз әрі салауатты ортада өсуіне жағдай жасауға бағытталған қадам ретінде қарастырылуда.

Қанша жерден заң күшейіп, шектеулер енгізілгенімен, бала құқығы тек қаулы мен баптың аясында ғана қорғалмайды. Ол ең алдымен қоғамның ар-ұятына, әр ересектің адамының ішкі жауапкершілігіне байланысты.

Қазақ халқы ежелден жетімін жылатпаған, жесірін қанғытпаған ел еді. Сол ұстанымнан алыстап кетпесек, баланың тағдырына немқұрайлы қарауды қалыпты құбылысқа айналдырудан ада болуымыз керек.

Балаға қауіпсіз орта қалыптастыру – болашаққа салынған инвестиция. Бүгін ұрпақты қорғау арқылы біз еліміздің ертеңін қорғаймыз.

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

«Мошеники» сериалы сақ болуды
сипаттайды

«YouTube» платформасында 3 күнге жетпей алғашқы сериясы 3,5 миллион қаралым жинаған сериал бар. Ол – «Salem entertainment» медиакомпаниясы ұсынған «Мошеники» сериалы. Жуырда ғана екіншісі маусымы көпшілікті таңдандырған туындының продюсері – Рүстем Омаров. Міне, осы бір қысқаметражды фильм біз қаузап отырған тақырыпқа тұздық бола алады. Неге? Өйткені жоба қазіргі алаяқтық схемаларға негізделген. Оған қоса көрермендерге қылмыскерлердің айла-тәсілдерін ашып көрсетіп, қаржылық қауіпсіздің мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Сериалда әрбір алаяқтық әрекет қылмыскерлердің өз көзімен, яғни «ішінен» көрсетілген. Дәл осындай тәсіл арқылы халық та барлығын жіті түсінуде. Сценарийі де нақты оқиғаларға негізделген. Мысалы өткен жылы қазанда көп талқыға түскен Перизат Қайраттың да іс-әрекеттері, қайырымдылықпен айналысып жүргені көрсетілген. Осыдан-ақ көп нәрсені түсінуге болады. Сонымен қатар барлығының артында бір адам және ол өзге елде барлығын басқарып отырғанын жеткізеді. Ал сериалдың негізгі демеушісі – «Kaspi.kz» компаниясының басшысы әрі тең құрылтайшысы Михаил Ломтадзе жоба азаматтарымен бірлесе жұмыс істегі, алаяқтықтың алдын алуға үлкен көмегін тигізіп отырғанын айтады.

– Біз қызметімізді үнемі дамытып, оларды адамдар үшін барынша ыңғайлы әрі пайдалы

шығу үшін 3,6 миллион теңге несие рәсімдеп, көлік сатып алады. Бірақ көп ұзамай, жол-көлік оқиғасына ұшырап, көлігі сынған. Жинағын оны жөндетуге жұмсаған. Бір жылдай тұрақты табыс таппағандықтан, банктегі несиеcін өтеуді тоқтатады. Соның салдарынан өсімпұл үстемеленіп, берешегі 6 миллионға жеткен. Танысының кеңесімен, микроқаржы ұйымынан 1,4 миллион микронесие алып, оны «3 күнде 30%» пирамидасына салады. Қаржылық пирамида екенін білген, бірақ амалсыздан барғанын айтады. Бір-екі рет бонус алды, шығып кетсе, оны қайтаруды талап ететіндіктен қалыпты. Бүгінде салғанынан айырылып, қарызы ұлғайып, банкроттыққа өтініш беріп жатқан көрінеді.

«Ranking» мониторинг агенттігінің сарапшылары Қазақстан халқының



АЛАЯҚТЫҚ: КҮДІКТІ КӨП, ЖАУАПТЫ ЖАЛҒЫЗ

етуге тырысамыз. Клиенттерімізді қорғау үшін ең заманауи технологияларды қолданамыз және қауіпсіздік жүйелерін үздіксіз жетілдіріп келеміз. Сонымен қатар ешкімге жеке деректерді айтуға, мобильді қосымшаға қолжетімділік беруге, SMS арқылы келетін құпия парольдер мен кодтарды хабарлауға болмайтынын үнемі ескертеміз.

Алаяқтардың адамдардың сеніміне қалай кіретінін көрнекі түрде көрсету және барынша көп адамды қорғауға көмектесу үшін біз оқыту роликтерін шығардық әрі «Мошеники» сериалының екінші маусымын қолдадық. Сақ болмаңыздар, құпия деректеріңізді ешкімге берменіздер! – деді ол.

Ал осы турасында киноның продюсері әрі басты рөлді сомдаған актер Рүстем Омаровтың айтуынша, «Kaspi.kz», Ішкі істер министрлігі, прокуратура мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі нақты алаяқтық оқиғалар туралы ақпарат беріп отырған.

Туындыға жарнама жасаудан аулақпыз. Бірақ уақыт бөліп тамашалайтын болсаңыз, алаяқтыққа қатысты көп мағлұмат алатыныңыз анық.

1 жылдық залал – 20 миллиард теңге

Соңғы қозғалған істер бойынша қолға түскен мәліметтерге сүйенсек, 1 жылда қаржы пирамидаларының халыққа келтірген залалы 20 миллиард теңге шамасы болса, сот үкімі шығып, ұйымдастырушы, көбіне орындаушылары сотталған пирамидалар саны 54-тен асқан.

Қазіргі сәтте әлеуметтік желі мен мессенджер арқылы тағы қаншағы әрекет етіп жатқаны нақты белгісіз. Құзырлы орган бұл қаскүнемдердің схемасы тоқтаусыз түрленіп жатқанын ескертуде. Айласын асыруды қалайтындар қайырымдылық қоры, автолизинг, ауылға не анаға көмек, баспанамен қамту және басқа «бағдарламаны» жамылып, қылмысын бүркемелей бастады.

Банк, байланыс операторы, пошта, тіпті полиция, прокуратура өкілі ретінде өзін жалған таныстырып, адамның үрейін ұшырып, екі аяғын бір етікке тыға асықтыратын интернет-телефон алаяқтарынан айырмашылығы, бұл қаскөйлер құрбанын еш қорқытып үркітпейді. Жарқын болашағын алтынмен аптап, күміспен көмкеруге уәде етіп, жылы сөзбен іші-бауырына кіреді. Жұрт жиған-тергенін оған өзі апарады.

Адамның өзі құмартып, есіл-дергі сол болса, бұған мемлекеттің тоқтау салуы қиын. Кейде сарапшылар, депутаттар құрбандарды осы қадамға тез баюға ұмтылушылық, пайдакүнемдік, қаржылық сауатсыздық қана итермелейді деп жатады. Бұлай біржақты күстәналауға болмайды. Төмен тұрмыстан титықтаған қазақстандықтардың бір бөлігі өмірдің тұйығынан құтылу үшін банктен несие алып, ол қаражатты пирамида арқылы тез көбейтіп алуға тырысады екен.

Мәселен, есімін жасырған қала тұрғыны агрегаторға тіркеліп, такси қызметіне

қаржы пирамидаларына қаржысын сеніп тапсыруының өзге де себептерін атады. Мысалы олар заңды бизнестің «терісін» жамылады. Заманауи пирамидалар заңнамадағы олқылықтарды, технологиялық жаңашылдықтарды оңтайлы пайдаланады. Сайттары негізінен арнайы тапсырыспен, сапалы жасалады, тартымды келеді. Кейбірі тіпті «аудиторлық есептерін» жариялайды, белгілі блогерлерді, танымал тұлғаларды шақырып, түрлі іс-шара өткізеді.

– Клиенттеріне түпнұсқадан айыруы қиын. Өйткені «лицензияларын» көрсетеді. Салық органдарында заңды түрде тіркеледі. Арнайы мамандардың өзін жаңылыстыратын күрделі маркетингтік схемалар түзеді. Мысалы, дамыған елдерде жылжымайтын мүлік «сатып алады», өмірде бар компанияларға «инвестиция салады». Мұның жалған екенін тек құзырлы органдар шет мемлекеттерге арнайы сұрау салса біле алар еді. Өз саласының білгір маманын – меморгандар, банктер мен инвесткомпаниялардың тәжірибелі қызметкерлерін жалдайды. Осының бәрі сауатты адамның өзінде «компанияның» сенімді екені туралы жалған сенім қалыптастырады.

Мұның сыртында, қаржы пирамидалары әлеуметтік орта мен араласатын адамдар арқылы қысым жасайды. Мысалы, «қзынқұлақпен» айналадағы адамның бәрі «мына бір компанияға ақша салып, күреп табыс тауып жатыр» деген гу-гу сөз таратады. Ұжымдармен, қызығушылығы бір адамдар топтарымен, клубтармен жұмыс істейді, белсенділеріне төлейді, «филиал директоры етеміз» деп қызықтырады.

Сөйтіп, «тобыр эффектiсi» қалыптасады. Адам «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адасайын» деп ойлайды. Адамға өз ортасына, тобына қарсы жүру азап. Әрі бастапқы кезде кейбір «салымшының» шынымен табыс тауып жатқанын көреді. Қаржы пирамидалары «эпидемиясының» Қазақстанда кең етек жаюына мемлекет тарапынан тиісті бақылау мен тиімді алдын алу шараларының жоқтығы да ықпал етті. Жауапты органдар алаяқтық схемаларды әрдайым жедел тауып, жылдам жолын кесе бермейді. Бұған бірнеше жыл жұмсап жатады. Құрбандар саны болса, күн сайын өседі. Көптеген пирамида жартылай заңды түрде жұмысын жалғастыра береді. Жаңа инвестициялық жоба ретінде дәріптелетіні де кездеседі, – дейді агенттік сарапшылары.

Міне, осының кесірінен, «XXI ғасырдың МММ-дері» еркінсіп, Қазақстанның барлық өңірін жайлап, ғаламтор арқылы мектептегі баладан еңкейген көріге дейін жалын жадылап барады. Біз жазған дерек тек әшкереленгені ғана. Ал тасада қалып, ізін суытқандары қанша екені беймәлім.

Ұйымдастырушы кім?

Бүгінде олар қала аралап «гастрольдетіп» әуре болмайды. Қиырда отырып алып, қырдағы халықты ұялы телефон арқылы қан қақсата салады. 2025 жылдың алғашқы жарты-жылында елімізде 86 мыңнан

астам адамды тартқан 36 қаржы пирамидасына тосқауыл қойылды. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегінше, жыл басынан бері жалған инвестициялық жобалар туралы ақпарат таратумен айналысқан 7 мыңнан астам интернет-сайт бұғатталған. Бұл көрсеткіш қаржы нарығында әлі күнге дейін түйіні тарқамаған мәселенің көптігін, оңай олжаны көздеген алаяқтар айна-сын емін-еркін іске асырып жүргенін көрсетеді. Ал шынында мұны ұйымдастыратын кімдер?

Елімізде жиі кездесетін алаяқтық схемаларға көбіне күмәнді инвестициялық жобалар, жасырын пирамидалар, «серіктестік бағдарламалар» мен жоғары кірісті уәде ететін онлайн платформалар

кіреді. Макроэкономист, зерттеуші Аяғөз Ханеттің айтуынша, елімізде қаржы пирамидаларына ақша құйғандардың басым бөлігі – орта жас шамасындағы азаматтар. Себебі олардың қалтада қаражаты бар болғанымен, инвестициялық тәжірибесі шектеулі. Сондай-ақ егде жастағы адамдар да алаяқтардың арбауына жиі түсіп жатады. Өйткені олар әлі ғаламтордағы түрлі схеманы түсіне бермейді, адамдарға сенгіш болып келеді.

– Халықаралық зерттеулер мен Қазақстандағы практикалық жағдайға сүйеніп айтар болсақ, қазіргі заманғы пирамидалар әдетте жаңа мүшелердің қаражаты есебінен кіріс табу принципімен жұмыс істейді. Ұйымдастырушылар негізінен кәсіби IT-мамандар, психологтар және сөзге шешен адамдар болады. Олар пирамидаларды насихаттау үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді, сондай-ақ белгілі адамдардың беделін пайдаланады. Пирамиданың құрбандары көбіне қаржы сауаты төмен, инвестициялық тәуекелдерді дұрыс бағалай алмайтын адамдар. Олар тез пайда табуды көздейді, қысқамерзімді кіріс көзін іздейді және таныстардан, блогерлерден немесе интернеттегі жарнамадан алынған ақпаратқа сенуге бейім болып келеді. Гендерлік факторға келсек, алаяқтарға әйелдер де, еркектер де бірдей алданады. Криптовалютаға және онлайн инвестициялық жобалар арқылы ұйымдастырылған схемаларға көбіне жастар қызығушылық танытады, – деді ол.

Ал экономист Әйгерім Рысбаеваның сөзінше, пирамидалардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне елдегі кедейлік пен әлеуметтік теңсіздіктің өсуі де айтарлықтай әсер етіп отыр. Бұл азаматтардың материалдық жағдайын тезірек жақсарту үшін тәуекелді схемаларға, «оңай әрі жылдам табыс» табуға итермелейді.

– Халықтың 40%-дан астамы айлықтан айлыққа күн көреді. Соның салдарынан көптеген отбасы қаржы тапшылығын сезінеді. 2024 жылы интернет-алаықтықтың 22,9 мыңнан астам фактісі тіркеліпті. Бұл бірнеше жыл бұрынғыдан бірнеше есе көп. Онлайн жарнама, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер мыңдаған адамды жылдам тартуға мүмкіндік беріп отыр. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегіне сүйенсек, 2024 жылы 42 пирамида жойылып, азаматтарға келтірілген шығын 20 млрд теңгеден асты. Иә, қомақты қаражат. Бұл мәселенің ауқымдылығын көрсетеді. Бұдан бөлек, қаржы пирамидаларының кең таралуы елдің беделіне нұқсан келтіріп, шетелдік инвестициялар үшін тартымдылығын төмендетеді, – деді сарапшы.

Осы мәселе төңірегінде біріншіден, құқықтық жауапкершілікті күшейту, яғни ұйымдастырушыларға қатаң жаза қолдану, интернет арқылы жасалған қылмыстарды жедел анықтайтын арнайы бөлімшелер құру қажет. Екіншіден, қаржылық қадағалауды арттыру. Бұл дегеніміз, халықтан қаражат тартатын барлық ұйымды лицензиялау, қаржылық қызметін қатаң бақылау. Үшіншіден, қаржылық сауаттылықты көтеру. Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер және тренингтер арқылы халыққа қарапайым тілмен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, алаяқтық түрлерін, пирамида белгілерін анықтайтын шағын бейнероликтерді көбірек көрсету. Төртіншіден, ынтымақтастықты кеңейту. Бұл – банктер, интернет-платформалар, телекомоператорлар және халықаралық ұйымдармен бірлесе әрекет ету.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қымсынбай қылмысқа барғандарға құқықтық жауапкершілік енгізіп, тіпті қылмыстық жазаға тарту керек екенін айтып, мәселенің түп тамырын анықтауды тапсырды. Былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартпақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды.

Бірақ мемлекет тарапынан заңнамалық бақылау мен алдын алу шаралары күшейтілсе де, жеке адамның жауапкершілігі артпайынша, мәселе түбегейлі шешімін таппайды. Шындық осы.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

Басы 1-бетте

ТАР ЖОЛДА ТАЛАЙ ТАҒДЫР БАР ҚЫЗЫЛОРДА – АҚТӨБЕ: ЖОЛ ҚАШАН КЕҢЕЙЕДІ?



– Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар басталады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады, – деді Президент.

Аталған жолды бірінші санатқа ауыстыру мәселесі біраз уақыттан бері қаралып келген еді. Ел арасындағы бұл мәселеден Мемлекет басшысы да хабардар екенін және оның таяуда шешімін табатынын нықтап айтты. Жол апаттарының үдей түсуі жұртшылықтың үрейін туғызғанына да көп болды. Өткен жылы облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов жобаның жай-жапсарын тарқатып айтып берген еді.

– Бірінші кезең бойынша Қызылорда қаласының айналма жолын салу жобасының техникалық экономикалық негіздемесі әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Екінші кезең бойынша Қызылорда-Сексеуіл аралығындағы автомобиль жолын реконструкциялаудың жобасы әзірленіп, техникалық экономикалық негіздемесі мемлекеттік сараптаманың қарауында. Бұл жолдың ерекшелігі – Қазақстанда бұрын-соңды болмаған үлгі. Төртжолақты болғанмен екі жолдың ортасында бір жақ беті 2 жолақ, екінші жағы да 2 жолақ арасында 25 метр арақашықтық болады. Бір-біріне жақын орналаспайды, сол себепті жол бойында апаттық жағдай аз болады, – деген еді ол.

Өйтсе де, бұл – өткен жылғы мәлімет. Биыл бұл жобаның жалғасы Президент пәрменімен басталды. Екі облыстың арасындағы 464 шақырымның мәселесі биыл анық шешілетін түрі бар. Өйткені бұл түйіннің тарқайтынын Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының өз аузынан естіген жұртшылықтың сенімі де нық. Ат арытып, Ақтөбеге бармаса да, осы жолдың бойында күн сайын темір тұлпардың рулінде отыратын Дарын Махамбетов те бізбен әңгімесінде қуанышын жасырмады.

– Үйден шығарда отбасындағылар «жолың болсын» деп, тілеуестігін айтып шығарып салады. Анамның ақ батасы мен дұғасы маған демеу. Өйткені, жол бойында келе жатып күніге қаншама жағдайды көзбен көреміз. Өсіресе, тайғақ күндері қиын. Көліктің рулінде болған соң тек өзіңнің ғана емес, қасындағы әрбір адамның өміріне жауаптысың. Сәл ерте барамын деп асыққаныңмен, мандайға жазылған сол бір несібе ғой. Ереже бұзбай, ақырын жүреміз. Ендігі бір мәселе осы жолдың бойында қаз-қатар тізіліп, арасына көлік кірместей жабысып алып, колонна болып тізіліп жүретін жүк көліктерін реттесе. Жол апатының кейбірі осылардың арасын ашпауынан болып жатады. Оған шамданып, шамадан тыс жылдамдық арттырғандар тіл тартпай аттанып кетіп жатады. Президент елдің мәселесін көреді, естиді, біледі. Бір күндері бұл да шешілсе екен.

Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолдың кең болғаны бәрімізге жақсы. Ести сала қуанып қалдық. Президенттің өз аузымен айтқанын теледидардан көргенде қуанышым қойныма сыймай кетті. Бейбіт өмірде қанша адам жолда кетіп қалып жатыр, осы жан түршігерлік жағдайлар азаятынына сенемін, – дейді ол.

Мемлекет басшысы автокөлік қатынасының аймақтар үшін маңызды екенін баса айтты. Жолдарды халықаралық стандартқа сай етіп жаңғырту алдымызда тұрған үлкен міндет екеніне тоқталды.

– Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым, – деді Президент.

Айтпақшы, Қарағанды – Жезқазған бағытындағы жолдың талай жылдан бері тозығы жетіп, титықтатып тұрғаны да назарда. Алдағы уақытта бұл аралыққа екі жолақты жаңа жол салынады. Кейін көне жол қайта жаңғыртылып, жаңасымен қосылып, төрт жолақты ретінде қолданысқа енуі мүмкін.

Дәулет ҚЫРДАН



ҚАБІЛЕТ ҚАНМЕН БЕРІЛЕ МЕ?



Абай және балалары Ақылбай, Мағауия

Басы 1-бетте

Қазақ руханиятының темірқазығы, ұлт ойының шамшырағы Абай Құнанбайұлынан тараған ұрпақ – тек бір әулеттің шежіресі емес, тұтас халықтың рухани тарихының жалғасы бола білді. Ұлы ақынның сөзі ғасырдан ғасырға жетсе, сол сөздің шырағын өшірмей, мұрасын аманат етіп жеткізген – оның перзенттері мен немере-шөберелері.

Абайдың сөз өнерін жалғастырған ұрпағы аз емес. Солардың ішінде Ақылбай Абайұлы «Дағыстан», «Зұлыс», «Жаррақ батыр» поэмаларын жазса, Мағауия Абайұлы «Ендік-Кебек», «Абылай», «Медғат-Қасым» поэмаларының авторы. Ал Тұрағұл Абайұлы – Абай мұрасын алғаш жинап, 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген тұңғыш жинақты шығаруға атсалысқан тұлға. Әубәкір Ақылбайұлы сатиралық өлеңдер мен дастандардың авторы. Уәсила Мағауияқызы жоқтау жыр, өлең жазса, Күлзипа Исайылқызы ақын, педагог атанған.



Абай ұрпақтарының өмір жолы – қазақ зиялысының тағдыр айнасы. Олар атақ үшін емес, аманат үшін өмір сүрді. Қиындыққа мойымай, Абайдың өлеңін, әнін, қолжазбасын, естелігін сақтап қалды. Абай ұлттың рухани ұстыны болса, оның ұрпақтары сол руханияттың жалғасы. Қазақ поэзиясының құлагері атанған Илияс Жансүгіровтің ұлы Саят Жансүгіров те әдебиеттен алыс кетпеді. Оның негізгі мамандығы инженер, кенші, техника ғылымдарының кандидаты болғанымен, келесі бір қырынан аудармашы, әдебиетке жақын тұлға болды. Мәскеу қаласында кеншілер институтын бітірген Саят

Илиясұлы әкесінің көп өлеңін аударды. Әкесі туралы толымды естеліктер де жазып қалдырды. Мұнда тек әке атының демеуі ғана емес, сөзге деген табиғи бейімдік мен бала күннен сіңген әдеби рухтың да ықпалы бар. Илиястың поэзиясындағы музыкалық ырғақ, бейнелі тіл бала санасына ерте орныққаны анық. Бүгінде Илияс Жансүгіровтің ұрпақтары шет елде, нақтырақ айтсақ, Хорватияда, Мәскеуде, Белорусияда ғұмыр кешіп жатыр.

Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезов көркем проза жазбаса да, әдебиет пен мәдениет кеңістігінде ірі тұлғаға айналды. Ол – әдебиеттанушы, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты. Мұнда каламгерлік форма өзгергенімен, терең ойлау, ұлттық рухқа алаңдау, сөзге жауапкершілік сияқты іргелі қасиеттердің сабақтастығы айқын сезіледі.

1965 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтын филолог-шығыстанушы мамандығы бойынша тәмамдауы – оның ғылым жолындағы іргелі қадамы еді. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған тарихи кезеңде ол қоғамдық өзгерістер үдерісіне де белсене атсалысты. Парламент депутаты ретінде заннамалық жұмыстарға қатысып қана қоймай, ұлттық мәдениет пен әдебиет мәселелерін көтеріп, ғылыми-зерттеу еңбектерін де қатар алып жүрді. Оның қызметі саясат пен руханияттың тоғысқан тұсында өрбіді. Ғылыми салада ол көркемдік процестің теориясы мен практикасына арналған 200-ден астам жарияланымның авторы. Оның «Уақыт байланыстырушы – жіп», «Иппокрена. Уақыт құдіястарына бару», «Қайту үшін кету» атты монографиялары – адамның, ұлттың және мәдениеттің тарихи қозғалысын пайымдайтын терең толғамды еңбектер қатарында.

Осылайша, Мұрат Әуезов – ғылым, әдебиет, мемлекет қызметі және дипломатия салаларын тоғыстырған көпқырлы болмыс ретінде тарихта қалды. Зерттеуші ғана емес, уақыт пен қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінген қайраткер 2024 жылы дүниеден озды.

Алаштың ардақты ұлы Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатова да – ғылым мен әдебиет,

қоғам алдындағы жауапкершілік пен ұлттық рухты сақтау жолына саналы ғұмырын арнаған тұлға. 1939 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген Гүлнәр Міржақыпқызы 48 жыл бойы дәрігер-дерматолог ретінде қызмет атқарып, қазақ медицинасының дамуына сүбелі үлес қосты. Алайда оның ең үлкен еңбегі тек медицинада ғана емес, ұлттық рух пен әдебиет саласынан да ойып тұрып орын алды.

Гүлнәр Міржақыпқызы Алаш арыстарының мұрасын сақтауға және олардың ақталуына ерекше еңбек сіңірді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тағдырын зерттеп, сталиндік репрессия құрбандары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және басқа да қоғам қайраткерлеріне қатысты материалдарды саяси ақтау комитетіне алғаш жолдағандардың бірі еді. Ақталғаннан кейін ол Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мұражайларға экспонаттар, Алаш арыстары қолданған жеке заттар, кітаптар, хаттар мен құжаттарын тапсырды.

Әкесінің жолын қуып, 1988 жылдан бастап мерзімді баспасөз беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері мен олардың өмір жолын сипаттайтын мақалалар, очерктер, естелік-эсселер жазды. Оның шығармалары кейін «Алаштың сөнбес жұлдыздары» және «Шындық шырағы» деген атаумен кітап түрінде де жарыққа шықты. Гүлнәр Міржақыпқызы 2010 жылы медицина саласындағы қызметі үшін С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің алтын медалімен марапатталды. Ал 2011 жылы Алаш арысы Әлихан Бөкейханов атындағы тәуелсіз қоғамдық төс-белгісіне ие болды.



Алаш арыстарының көзін көріп, олардың ақталуына саналы ғұмырын арнаған, «халық жауының» қызы бола тұра, өз миссиясын абыроймен атқарған аяулы жан 2013 жылы дүние салды. Ол тек дәрігер немесе жазушы ғана емес, сондай-ақ қазақ

зиялыларының дәстүрін жалғастырған, ұлт тарихына өзіндік із қалдырған қайраткер ретінде ел жадында қалды.

«Әдеби сабақтастықтың қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді» дейді зерттеушілер. Ең әуелі үйдегі сөз мәдениеті үлкен рөл ойнайды. Көркем сөзді естіп өскен адамда тілге деген нәзік түйсік қалыптасады. Каламгердің үйінде туған бала үшін әдебиет бөтен дүние емес, күнделікті өмірдің бір бөлігі. Ол әкесінің кітапханасын ғана емес, дүниені қабылдау тәсілін мұраға алады. Мұндай отбасыларда саясат та, тарих та, өнер де жай әңгіме емес, терең талқыланатын тақырыптар. Бала жастан кітаптың иісін, жазу үстелінің тыныштығын, ойға шомған әкенің күйін көріп өседі. Бұл кейін жазушылық қабілеттің іргетасы болып қаланатыны анық.



Гүлнәр Дулатова

Қаламгерлік оңай жол емес. Бірақ әдеби ортада өскен адам ой еңбегінен үрікпейді.

Сондай-ақ «ата-анамның атына кір келтірмесем» деген ішкі талап кейде үлкен мектепке айналады. Бұл – талантты ұштайтын моральдық күш хәм жауапкершілік. Дегенмен ақын мен жазушының әр ұрпағынан каламгер шыға бермейді. Демек табиғат берген қабілет болмаса, орта жалғыз өзі жеткіліксіз.

Сонымен, «қабілет қанмен беріле ме?» деген сұраққа жартылай иә, жартылай жоқ деуге болады. Қанмен сезімталдық, ойлау жүйесі, мінез ерекшелігі берілуі мүмкін. Ал нағыз жазушыны қалыптастыратын рухани орта, еңбек, өмірлік тәжірибе, қоғаммен байланыс. Қазақ әдебиетіндегі әке жолын жалғаған каламгерлер таланттың тек тұқым емес, тәрбие мен рухани сабақтастық арқылы жалғасатын құбылыс екенін дәлелдейтін тірі мысалдар. Олар арқылы біз бір шындықты көреміз. Әдебиет тек жеке адамның емес, кейде тұтас әулеттің тағдыры.

Қаламгерлер әулеті бізге талант ген арқылы берілуі мүмкін, бірақ оны сақтайтын рухани кеңістік екенін ұқтырды. Егер үйде кітап болмаса, пікір алмасу болмаса, сөзге құрмет болмаса ең мықты геннің өзі өшіп қалуы мүмкін. Ал керісінше, рухани бай ортада өскен балада қабілет ұшқындап тұрады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұрпақ сабақтастығы бұл тек атақ жалғастыру емес. Бұл – ұлттық ойлау жүйесінің ұрпақтан ұрпаққа берілуі. Әдебиет осылайша жеке адамның өнері болып шектелмей, рухани тектіліктің өлшеміне айналады.

Аружан ОРАЛБАЙ

Көргенді адам алыстан сәлем береді

Адам арасындағы қарым-қатынас пен әңгіме-дүкен әрдайым сәлемдесуден басталады. Халқымызда «сәлем – сөздің анасы» деп бұл амалдың маңызын қысқа да нұсқа дөп басып айтқан. Жер бетінде әңгімесін сәлемсіз бастайтын ел жоқтың қасы. Дегенмен әр ұлттың амаңдасу рәсімі жүз кісінің жүзіндей, бәрі біркеңкі бірдей емес. Сәлемдесу арқылы бір-бірімізге амаңдық тілеп қана қоймай, өзара сыйластық пен сенім көпірін орнатамыз.

Өлем картасына көз жүгіртсек, амаңдасудың сан түрлі, кейде біз үшін таңғаларлық тәсілдерін кездестіруге болады. Бұл өзгешелік халықтың тұрмыс-тіршілігіне, діни нанымдарына және тарихи даму жолына тікелей байланысты. Мәселен Тибет елінде адамдар кездескенде тілін шығарып амаңдаспайды. Бұл бізге ерсі көрінгенімен, олар үшін жаман ойдан ада екенін, «тілінде уы, қойындада тасы жоқ» екенін білдіретін белгі. Жапонияда адамдар бір-біріне иіліп құрмет көрсетеді. Жаңа Зеландиядағы маори тайпасы мұрын түйістіріп, «өмір тынысымен» бөліседі. Бұл екі адамның жаны бір арнаға тоғысқандай әсер беретін ерекше ғұрып. Ал Үндістанда алақандарын біріктіріп, жүрек тұсына қойып «Наместе» дейді, бұл «менің ішімдегі құдайлық нұр сенің ішіндегі нұрға сәлем береді» деген терең философиялық мағынаны арқалайды екен. Еуропа мен Америкада қол алысу кең таралса, Франция мен Италияда жакын адамдар бет сүйістіріп амаңдасуды жөн көреді. Қазақ елінде де амаңдасудың өзіндік философиясы бар. Бұл тақырып белгілі қоғам қайраткері Зейнеп Ахметованың «Балалар аманаты» кітабында жақсы суреттелген.

Зейнеп апамыз өз еңбегінде атақты Бауыржан Момышұлының

шанырағындағы келіндік қызметі мен көрген-түйгенін баяндай отырып, сәлемнің тәрбиелік мәніне ерекше тоқталады. Оның пайымдауынша, Хрущевтің билік құрған кезінен сүйісіп амаңдасу кең етек алып, жайылып кетті. Алайда батпандай ер азаматтардың көріскенінде мұндай мәдениет бөлігі мүлдем болмаған. Ол «Ер азаматтар қолдасып амаңдасушы еді. Сағынысын көріскенде құшақ айкастырып қауыштапты. Мұны ерекше сәлемдесу» деп атайды.

Зейнеп Ахметованың еңбегінде қариялардың жастарға деген ықыласы мен сәлемдесу мәнері де ерекше лебізбен жазылған. Қазақта қартты аса бағалаған. Ақылшы, дана көрген. Ақсақалдар өзінің баласындай, немересіндей жастарды жақсы көріп, еміренгенде оларды құшағына қысып, арқасынан қаққан. Осы жерде айта кетейік, бастан сипалау мен арқадан қағудың екі түрлі мағынасы бар. Білмейтіңге екеуі де бірдей. Ал білгенге жол ашық. Зейнеп апамыз кітабында былай жазып кеткен еді. «Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады деп түсінген. Ата-ана, ел-журтына қорған болатын, шаныраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, енесің тік ұстап, тура қарауға дағыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ер жетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды кететін бала ғой деп еркелетеді. Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартыды, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен...» деп жазған.

Сәлем салмағанның салмағы

«Дүние жүзінде қазақтан ұзақ амаңдасатын ел кемде-кем болар... Мал-жан, ауру-сырқау, ит-құсқа дейін қалдырмай сұрасады. Келген жерінің қандай қабақпен отырғанын да осы амаңдасу үстінде болжасып алады. Келген жұмысының жайын аңғарту үшін де жапсарлас бір амаңдық сұрау керек...» деп жазған екен Ғабит Мүсірепов.

«Жасында әдеп үйренбеген кісіден, өскен соң қайран жоқ» деген сөз осыдан пайда болса керек. Жалпы сәлем айту, не оны қабылдау астары бір ой тарқататыны рас. Бұл жөнінде де Зейнеп апамыз өз әңгімесінде айтқан еді.

– Қазақ ғұрыпында кіші үлкенге алдымен сәлем береді. Жасы кішінің бірінші болып сәлемдеспеуі барып тұрған тұрпайылық саналады. Жас адам үлкенің алдында амаңдаспай сөз бастаса немесе бейрейіп қарап тұрса,



Сурет ашық дереккөзден алынған

ондайларды «көргенсіздің баласы» деп, «тәрбие көрмеген тексіз» деп, оның өзінен бұрын ата-анасын кінәлайды. Өне, сондықтан әрбір ата-әже, әке-шеше баланы қарғадайынан сәлем жолын жасауға үйретіп, санасына сіңіреді. Ол – отбасындағы үлкендердің бір парызы, – деген еді.

Ал әжелер мен аталар жасы кіші жакындарын, немере-шөберелерін жақсы көргенде, ол ұл болсын, қыз болсын, оларды құшақтап, маңдайынан иіскеп немесе қолынан сүйетін. Тегінде, қазақ дәстүрінде жас баланы, әсіресе, қырқынаншықпаған немесе әлі буыны бекімеген кішкентай сәбилді бетінен сүймейтін, оған таңданып сұқтанбайтын болған. Баланың терісі құстың балапанындай нәзік. Имунитеті де әлсіз. Қазірде медицина мамандары баланы сүйюдің қатерін атап жүр. Алматыдағы интегративті Медицина клиникасы «Instagram» парақшасында «Герпес, ЖРВИ, стафилококк – бұлардың сізге белгілері болмаса да, сую арқылы жұғуы мүмкін. Бұл бала үшін жай ғана тұмау емес – реанимация, антибиотиктер және ұзаққа созылатын зардаптар» деп жазған еді. Осындай сәтте қазақтың даналығы медицинадан алға кеткен бе деймін...

Келіннің сәлемін кім алады?

Қазақта бір ерекше дәстүр бар. Ол – келіннің сәлем салуы. Бұл ғұрыпсыз ешбір беташар өтпейді. Ол – бұрыннан келе жатқан салт. Бірақ Зейнеп апамыздың еңбегіне үйіле отырып, біздің дәстүрдің бұрмаланғанын тез байқайсың. Келін сәлемі – жай ғана иілу емес, астары қалың, өнегесі мол ғұрып. Жаңа түскен келін босағадан аттаған сәтте шаныраққа үш мәрте сәлем еткен. Оның жанында жүретін екі жөңгесі жас келінге бағыт-бағдар беріп, үлкендерге қалай сәлем салу керетін үйреткен. Олар келінді әулеттің қадірлі ақсақалдарымен, аналарымен таныстырып, үлкеннің алдын кесіп өтпеу секілді әдептілік ережелерін түсіндіріп, қамқорлықтарына алған.

Ертеде беташар рәсімі де жинақы әрі мәнді өтетін. Қазақ жеті санын қасиет тұтқандықтан, келін тек ең жақын, сыйлы туыстарына арнап жеті рет сәлем салатын. Бірақ қазіргі беташарларда келінге отыз-қырық адамға дейін сәлем салғызу әдетке айналды. Кішкентай бес-алты жасар бүлдіршіндердің өзі қазір келіннің сәлемін алып жатады. Ал бұл дәстүрге жат. «Ескеретін жайт, келін күйеуінен жасы кіші адамға еш уақытта сәлем салмаған. Иіліп сәлем салу – үлкенді сыйлаудың белгісі», – дейді Зейнеп апамыз.



Басы 1-бетте

Біз таңғы сегіз шамасында стансаға аяқ басқанымызда, Жалғас Қанжарбекұлы өз кезек-шілігін қабылдап жатты. Күндізгі ауысым 08:00-17:00 аралығында болса да, мамандар жұмысқа әдеттегіден ертерек келуге дағдыланған. Кейін бригада көлікке қарай беттеді. Біз де ілесіп келеміз. Әзірге кейіпкеріміздің есімін ғана білгеніміз болмаса, жұмысына кедергі жасамайық деп үнсіз бақылап тұрмыз. Бірде ол көліктегі оттегі қоры, дәрі-дәрмек, аппараттардың жай-күйін мұқият тексерді. Себебі жолға шыққанда барлығы сакадай сай болу керек. Ереже бойынша тексерілді, түнгі кезекшілікте қолданылған дәрі-дәрмектің орны толды. Ал наукастардан шакырту қашан түсетіні белгісіз. Осы арада біз де кейіпкерімізді жақынырақ тани бастадық.

Жалғас Шарапов жедел жәрдемде үшінші жыл еңбек етіп келеді. Медицина саласына келуі де кездейсоқ емес. Әкесі – медицина саласының маманы, ал анасы ауылдағы медициналық пунктке қызмет етеді. Балалық шағы дәрі-дәрмек пен ақ халаттың жанында өткен. Десе де бұл жолды ата-анасының ықпалымен емес, өз қалауымен тандағанын айтты. Колледжде оқып жүрген кезін еске алғанда, Жалғас бұл қызығушылықтың қалай басталғаны жайлы бөліскен еді.

– Осы саланы оқимын деп саналы түрде тандадым. Колледжде оқуға түскен кезімде көшеде өтіп бара жатқан жедел жәрдем бригадаларын көріп, солардың ішінде жүрсем екен деп қызығатынымын. Жедел жәрдемде жұмыс істеу – менің негізгі арманым. Мамандығымды қаншалықты жақсы



көрегінімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Менің хоббиім де, жұмысым да – осы сала. Демалыс үш-төрт күнге созылып кетсе, үйде отыра алмайтыным тағы бар. Жұмысқа асығып тұрамын. Себебі өз қалауыммен келген соң, қызығушылықпен істеймін. Үнемі үйренгің келеді, білмегенінді білуге ұмтылып, көрмеген шакыртуларға барсам дейсің. Мамандығымды тандауда қателеспегенім анық, – дей бергенде көп ұзамай алғашқы ша-

ӘЛЕМДЕ САН ТҮРЛІ МАМАНДЫҚ БАР. БЕЛГІЛІ ФРАНЦУЗ ФИЛОСОФЫ ОГЮСТ КОНТ ҚОҒАМДЫ ЗЕРТТЕУ ҮШІН ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ. ОЛ ҒЫЛЫМНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ БҮКІЛ АДАМЗАТТЫ ТАНЫДЫ. АЛАЙДА КОНТ ҚОҒАМНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ЖҮЙЕНІ ДЕ БІЛГІСІ КЕЛДІ. ФИЛОСОФТЫҢ ПАЙЫМДАУЫНША, АДАМ САНЫ КӨБЕЙГЕН САЙЫН, ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ КҮРДЕЛЕНЕ БЕРЕДІ. ҚОҒАМДА ТҮРЛІ ҚАРЫМ-ҚАБІЛЕТ ПАЙДА БОЛАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА СІЗДЕРГЕ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЕРЕКШЕ МАМАНДЫҚТАРДЫ ҰСЫНАМЫЗ.

қырту келді. Артқы есік арқылы жедел жәрдем көлігіне біз де ілесе мініп, өзімізді фельдшер ретінде елестетуге тырыстық. Осылайша мамандар наукастың үйіне жөнелді. Ал бригада үш адамнан тұрады. Әрқайсысы өз орнында.

Көлікке жайғасқанда Жалғастың қолындағы арнайы планшетке көзіміз түсті. Жедел жәрдемде қағазға толтырып отыратын уақыт жоқ. Қазір барлық дерек «Көмек» қосымшасы арқылы жүргізіледі екен. Шакырту түскен сәттен бастап наукастың дерегі осы жүйеде көрінеді. Жасы, мекенжайы, бұрын қандай диагнозбен есепте тұрғаны, созылмалы ауруы бар ма, қандай дәрі қолданылғаны – барлығы да осында тіркеледі. Фельдшерлер әр шакыртудан кейін көрсетілген көмекті де осы қосымшаға енгізіп отырады. Бір қарағанда жай ғана техника секілді көрінгенімен, бұл жүйе жедел жәрдем жұмысының үздіксіз жүруіне көмектесіп отырғанын байқадық.

Біз бара жатқан наукас егде жастағы ата еді. Ол кісі оттегі аппаратна тәуелді наукас екен. Сол күні үйінде жарық өшіп, арнайы құрылғысының да қуаты таусылған. Соның салдарынан ауа жетпей, жағдайы күрт нашарлапты. Үйге кірген сәтте-ақ фельдшерлер бірден іске көшті. Қан қысымы мен оттегі деңгейі тексерілді. Көрсеткіштер көңіл көншітпеді. Қандағы оттегінің мөлшері де тым төмен. 70 пайызды көрсетті. Ал қалыпты жағдайда 90 пайыздан жоғары болу керек. Кідірместен өздерімен алып жүретін оттегі баллонын қосқанда қарияның тынысы ақырындап қалпына келе бастады. Көрсеткіштер де жоғарылады. Жарық қосылғанша бригада үйден кетпей, жағдайын толық бақылауда ұстады. Аппарат қайта іске қосылып, наукастың жағдайы тұрақталған соң ғана келесі шакыртуға бет алдық. Қарияның үйінде отырған туыстары фельдшерлерге қайта-қайта алғыс айтып, бата берді.

Біліп жүргеніміз абзал, аудандарды есептемегенде Қызылордада жедел жәрдемнің төрт бөлімшесі жұмыс істейді. Қаланың әр бөлігін қамтитын бөлімшелер бар. Десе де барлық шакырту алдымен орталық диспетчерлік қызметке түседі. Сол жерден әр бөлімшенің бағыттаушы маманы тиісті бригадаларды бағыттап отырады. Ал шакыртулар бірнеше санатқа бөлінеді. Жеңіл және орташа жағдайлар бар, ал ең ауыр санатқа жол-көлік оқиғалары, ес-түссіз жатқан наукастар, қан кету, биіктен құлау секілді жайттар жатады. Мұндай шакыртуларда әр минут маңызды. Наукастарды жеткізудің де өз тәртібі бар. Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі мен сенбі күні көпбейінді қалалық ауруханаға, ал қалған күндері көпбейінді облыстық аурухана жеткізіледі. Жүрекке қатысты кез келген жағдай тікелей облыстық орталыққа бағытталатынын да білдік.

Осы арада келесі нүктеге жеттік. Бұл жолы шамамен отыз жас шамасындағы ер адам. Аяқ астынан қатты ауырсыну басталыпты. Тексеру барысында өт жолындағы дертке байланысты ұстама екені белгілі болды. Наукас ауруханаға барудан бас тартты. Сондықтан фельдшерлер ауырсынуды басатын дәрі егіп, жағдайын жеңілдетті. Әрі қарай тексерілуі керек екені де ескерілді.

Станцияға қайта ора-

Топтамамызды бас-тайтын маман – әңгімелесуші. Бұл – Жапонияда пайда болған мамандық. Олар қалың көпшілік жайлаған аудандарда болады. Бұл маман клиентті арнайы үйшікте отырып, қабылдайды екен. Ол жерге келген қонақтардың сырын тындап, әңгіме-дүкен құрады. Мұнда әр қонақтың ішіндегі сезімдерін ашық айтуына мүмкіндік бар. Маман аптасына он мыңнан астам адамды қабылдай алады. Кезекті мамандық – қымбат керуеттер тестері. Бұл мамандықтың міндеті – өндірістік компания үшін матрацтар мен ұйқыға арналған жабдықтарды сынау. Сынақшы керует сапасын және қонақ үйлердегі ұйқыға әсер ететін басқа да элементтердің ыңғайылығын бағалайды. Бұл клиенттердің денсаулығына зақым

латын кезде Жалғас Қанжарбекұлы өткен күндерін еске алып, кейде жедел жәрдем жұмысының күтпеген қырлары да болатынын айтты.

– Біз бір кабинетте отырып жұмыс істемейміз ғой. Түрлі жағдайға барамыз. Күлкілі шакыртулар да кездеседі, – дейді ол. Соның бірін еске алып, түнгі екі шамасында болған оқиғаны айтып берді. Орта жастағы ер адам хабарласқан. Айтуынша, түсінде аюмен төбелесіп, аюдан жеңіліп қалған. Содан бері қорқып, ұйықтай алмай отырған көрінеді.

– Бұл кәдімгі қор-қыныш еді. Мұндай кезде препарат салынбайды, адамды тыныштандыру керек. Фельдшердің жұмысы сырт көзге жеңіл көрінуі мүмкін. Бірақ біз кейде гинеколог та, кардиолог та, психолог та бола аламыз. Міне, осы жағдайда наукасқа психологиялық көмек көрсетуге тура келді. Ал жедел жәрдемдегі ең ауыр шакырту – өз жақынына бару, – дейді ол.

Ішке келіп, диспетчерлер отырған бөлмеге де соқтық. Жұмыс өз ретімен жүруде. Телефон дауысы, нұсқаулар, бірақ осы қарбаластың арасында мұндағы адамдардың жылы жүзін байқамау мүмкін емес. Сол кезде әріптестері туралы сұрағанымызда Жалғас та кідірмей жауап берді.

– Жұмысқа орналасқан кезде ұжым жылы қарсы алып, жас маман Жалғасқа қолдау білдірді. Білмегенімді көрсетіп, жұмыс барысын түсіндіріп, әрқайсысы маман ретінде қалыптасуыма әсер етті. Сондықтан атын атап, түсіні түстегім келмейді, себебі ұжымымдағы әр маманның орны ерекше, – деді Жалғас.

Алғашқы ауыр шакыртулардың бірі әлі күнге дейін есінде.

– Бізде Бауыржан Әбенев деген фельдшер ағамыз бар. Өз ісін дәрігерден кем білмейді. Сол кісімен бірге бесінші қабаттан құлаған бес жасар балаға бардық. Ол кезде енді ғана жұмыс істеп жүрген кезім, қорқыныш болды, сасқалақтадым. Бірақ аға-әпкелер бағыт беріп, не істеу керек екенін түсіндірді. Сол қолдаудың арқасында өзімді тез жинадым, – дейді фельдшер.

Мереке күндері шакыртулар әдеттегіден әлдеқайда көп түседі. Жалғастың айтуынша, кейде бригада жетіспей қалатын



Әлемдегі ең ерекше мамандықтар



келмеу үшін арналған. Себебі омыртқа мен арқаның ыңғайсыз орналасуы денсаулыққа әрі жұмыс өнімділігіне әсер етеді.

Тағы да бір қызыққа зер салсақ, аттракцион сынаушы деген мамандық та бар. Бұл маман аттракционда сырғанап, өзінің тәжірибесі жайлы толық мәлімет беруі керек. Алайда жұмыс мұнымен шектелмейді. Мамандық иесі аттракциондағы қауіпсіздікті, физикалық ауыртпашылықты, «эмоция эффектін» тексереді. Ол арнайы құрал арқылы жүзеге асады. Маманның қолына белгі беретін құрылғы іледі. Құрал оның қан қысымын, жылдамдығын есептейді. Егер ол денсаулыққа кері әсер берсе, инженерлермен бірге ақауларды анықтауға көмектеседі. Келесіде


аттракциондарға барғанда, сіздің қауіпсіздігіңіз үшін біреу бұл жерде оннан аса тест жасағанын еске алыңыз.

Кинода біз «жадданбалы туыс» деген ұғыммен таныспыз. Осы мамандық шын мәнінде бар десем сенесіз бе? Жапондықтар үшін қоғам алдында «идеалдағы адам» болып көріну өте маңызды. Олар ата-ана, күйеу немесе әйел рөлін сомдай алады. Жапонияда ата-ананың келісімінсіз отау құру дәстүрге жат. Сондықтан тойда ата-ананың орны бос қалмау үшін ерлі-зайыпты актер жалдайды.

Ал сіз бұл мамандықтар жайлы білдіңіз бе?

Мерей ШӘКРАТ

Жасанды интеллект, әлеуметтік желілер мен жылтыраған экраннан идеал іздеп жүрген бүгінгі қоғамда, нақты бағдар мен тұлғалық үлгінің аз болуы болашағымызды бұлыңғыр ететіні шындық. Осы тұста көкейде занды сұрақ туындайды: қазіргі жастардың құрметтейтін құндылығы қандай? Бүгінгі жастар кімге қарап бой түзеп жүр? Олардың рухани темірқазығы кім және не? Міне, осы сұрақтардың дұрыс жауабы аса маңызды, өйткені жастар – елдің ертені, қоғамның айнасы.



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ЖАН

Ақиқатында шынайы тұлғалық мектеп – қасымызда жүрген, болмысы адалдықтан өрілген адамдардың өмір жолында жатыр. Сондай рухының мықтылығымен де, жанының нәзіктігімен де айналасына нұр шашып жүрген жандардың бірі – Сара Бахтиярқызы. Ол сырттай темірдей берік көрінгенімен, іштей өте сезімтал, өнерді, сұлулықты бағалайтын, намысты бөрінен жоғары қоятын, ұлттық құндылықтарға келгенде жүрегі елжірейтін қазақ әйелінің бейнесін танытып жүр.

Адам баласының болмысы – оның ішкі әлемінің айнасы. Ал сол әлемнің мөлдірлігі мен беріктігін сақтап қалу кез келгеннің еншісіне бұйыра бермейтін сирек бак. Мен білетін Сара Бахтиярқызы – дәл осы рухани тазалық пен қайсар мінездің үлгісін көрсетіп, шындықтың ақ туын жақпаған ерекше жаратылыс иесі. Оның бейнесінен парасат пен пандықтың, мейірім мен мәрттіктің үйлесімін көргендей боламын.

33 жыл ұстаздық еңбек өтілі бар Сара Бахтиярқызының өмірлік кредосы – адалдық. Ол қызметте де, достықта да, отбасында да адалдықты ту ете отырып, кез келген ортада өз сөзінің жауапкершілігін өзі көтере алатын жан. Оның мінез-зіндегі өткірлік пен бірбеткейлік – өршеленген өркөкіректік емес, керісінше, әділетсіздікке төзбейтін ішкі тазалықтың көрінісі деп білемін.

Сара апай әлсізге болысып, мұқтаждың мұңын бөлісуге дайын тұратын жанашырлығымен, сондай-ақ күштінің айырлығына қарсы тұрып, өз позициясын соңына дейін қорғайтын қайсарлығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге «Оң қолың бергенді, сол қолың білмесінді» ұстанатын жан.

Кемелдік жасына жеткен ғалым, ұстаз, ананың адами болмысы – лауазым мен атақтың емес, адамгершілік пен жанашырлықтың биік үлгісі.

Әкесі Бактияр мен анасы Ырысқұлден алған тәлім-тәрбие оның жан дүниесіне сәуле болып құйылды. Әкенің салмақты сөзі мен маңдай терге толы еңбегі өмірдің, адал еңбек етудің мәнін ұқтырса, ананың ақ жүрегі мен шексіз мейірімі адамдықтың өлшемін танытты. Бірі – кісі ақысын жемеуді, өтірік сөйлемеуді, өмірге тік қарауды, екіншісі – жүрекпен сезінуді, мейірімді болуды, қайырымдылық жасауды үйретті. Қазақ халқында «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» деген тамаша тағылымды сөз бар. Міне, осындай шаңырақта сіңген тәрбие оны қай ортада жүрсе де тура жолдан тайдырмай, ар-ұятты ту еткен адал адам етіп қалыптастырды. Сондықтан оның рухани темірқазығы – ата-анадан қалған асыл аманат, санасына сіңген ұлттық тәрбие, жүрегіне ұялаған ізгілік.

Үш ұлдың ортасында өскен ерке бойжеткеннің болмысын ерік-жігермен қатар, ана тәлімі де шындады. Анасы қызының еркелігін еңбекпен ұшастырып, үй шаруасының қыр-сырын ерте меңгертті. Әсіресе, тазалыққа деген ұқыптылық пен әр іске тиянақтылықты санасына сіңіру арқылы болашақ ана ретінде бойындағы жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Бұл тәрбие кейін оның кез келген істе мінсіздікті талап ететін, ары мен ісінің тазалығына ерекше мән беретін тұлға болып өсуіне негіз қалады.

Алтын ұя мектебін үздік бітірген Сараның таланты ерте танылып, отызға жуық өлеңі мен сан алуан тақырыптағы мақаласы газет беттерінде жарық көрген. Ата-анасы перзентінің ақ тілеуін қолдап, қызының журналист атану арманына қанат бітірді. Тіпті, сол кездегі беделді «Қазақстан пионері»

басылымының басшылары да оның қаламынан туған дүниелерге жоғары баға берген-ді. Емтихан кезінде еңбек адамының символы болған, орта мектепті аяқтай сала трактор тізгінін ұстаған Жадыра Таспанбетованың өмір жолын терең толғаныспен, көсілтіп жазған шығармасы «өте жақсы» деген баға алса да, бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атану бақыты сол жылы бұйырмады. Мектепте үздіктер қатарынан табылған жанды жасытып жіберетін бұл сәтсіздік Сараны қайсарландыра түсті. Ол карт Алатауды қимай артка тастап, елге оралғанда, мұңға батып жатпай, бірден еңбекке білек түре кірісті. Туған жердің топырағында күріш егіп, қарапайым еңбек адамының тауқыметін де, бақытын да сезіне білді. Осы қажырлы еңбегі оны 1974 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына алып келді. Журналистиканы ансаған жүрегі мұғалімдікті бірден қабылдай қоймаса да, сөзге деген құрметі мен әдебиетке деген құмарлығы оны өз ісінің нағыз шебері деңгейіне көтерді.

Адамға жақсы қасиет негіздері жасынан қалыптасатын болса, ол өмірлік қағидалы дағды болып қалатыны тәжірибеден белгілі. Әрі өзгермес ұстанымына, әдемі әдетіне айналатыны кімді болса да сүйсіндірері сөзсіз. Сара Бахтиярқызы қандай істің болсын күрмеуін тез шешіп, айналасындағыларды ортақ мақсатқа жұмылдыра білетін, қажет кезінде ақырын жеткізіп немесе батырып айтып, бастаған ісін нәтижелі аяқтай алатын, өзінің білімі мен біліктілігін мойындаста білген ұстаз.

Еңбек жолында мектеп мұғалімінен бастап, институттың тәрбие ісі жөніндегі проректор, кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Ғылыми ізденістерінен оң нәтиже шығарып, ғалым атанды. Бір монография, үш оқулық, жүзден аса түрлі тақырыптағы ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарық көрді, көріп те келеді.

Саналы ғұмырында жиған тәжірибесін білім саласына арнаған Сара Бахтиярқызы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде адами асыл қасиеттерді бөрінен биік қойды. Бұл кездейсоқтық емес еді. Себебі шәкірт бойынан көргісі келетін ізгілік атаулының барлығы алдымен өз болмысынан бастау алатын. Шебер ұстаз тұлғаны дамытуда тек кәсіби білімді ғана емес, оның рухани өзегін қалыптастыруды басты міндет санады. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, еңбеккер, отансүйгіш маманның ғана қоғамда лайықты орны болатынына сенеді. Сондықтан да шәкірттерін әдептілік пен мәдениетке, қайырымдылық пен белсенділікке баули отырып, олардың бойына ізгілік нұрын себуден еш шаршаған емес.

Бүгінде ұлы Руслан мен қызы Құралайдан тараған немерелерінің ақылшы, сүйікті әжесі ғана емес, қалың шәкірттерінің темірқазықтай ұлағатты ұстазы. Оның даңғойлайықтан ада бөлек болмысы – адал еңбектің рахатын көріп, абырой биігіне қалай көтерілуге болатындықтың дәлелі. Ал бұл қасиет – бүгінгі жастар үшін таптырмас рухани мектеп.

Сара Бахтиярқызының дабырасыз тіршілігі, ғибабты ұстаздық ғұмыры, ғылым жолындағы ізденісі өскелең ұрпақ үшін бой түзейтін айнаға айналарына кәміл сенеміз.

Аяғөз АБДРАЗАХОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
аға оқытушысы

РУХТЫ ЖАСТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Сыр өңірі – ежелден білім мен мәдениеттің ордасы. Ал сол алтын ұялардың ішінде өзіндік қолтаңбасымен, озық білімімен және тәрбиелік бағытымен дараланатын білім ордаларының бірі – №266 мектеп-лицейі. Бүгінгі таңда мектеп қабырғасында тек білім беріп қана қоймай, тұлға қалыптастырудың үлкен мектебі жұмыс істеп тұр. Ол – ұстаз бен шәкірт арасындағы алтын көпір атанған тәлімгерлік қызметі мен «Жас Ұлан» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы.



Қазіргі қоғамда тәлімгер болу – жай ғана лауазым емес, бұл – үлкен миссия. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың бойындағы жасырын талантты ашу және қоғамдық белсенділігін арттыру тәлімгердің шеберлігіне тікелей байланысты. №266 мектеп-лицейіндегі тәлімгерлік жұмыс – бұл жасөспірімдердің ішкі әлеміне үңілу, олардың заманауи талаптарына сай болу және әрбір оқушының бойынан көшбасшылық қасиетті табу. Біздің мектептегі тәлімгерлердің алдына қойған басты мақсаты – жас мамандарға жол көрсетіп қана қоймай, оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру. Тәлімгер – баладағы «мен» деген өршіл рухты оятатын алғашқы жанашыр.

Мектебіміздің мақтанышы – «Жас Ұлан» ұйымы. Бұл ұйым тек қатардағы топ емес, бұл – болашақ мемлекетшіл тұлғалардың, зиялы қауымның іргетасы қаланатын орын. Оқушыларымыздың «Жас Ұлан» қатарына қабылдануы – олар үшін үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік. Ұйым аясында біздің лицейде келесі бағыттар бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. «Зерде» бағыты оқушылардың ғылыми-интеллектуалдық деңгейін көтеруге, ал «Руханият» бағыты ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді дәріндеуге ден қойған. «Еңбек» бағыты жастарды еңбекқорлыққа және экологиялық мәдениетке баулууда.

Тәлімгерлердің ауқымы өте кең. Біз тек мектеп ішіндегі іс-шаралармен шектелмейміз. Қазіргі жастар – IT технологияның, жасанды интеллекттің және креативті индустрияның буыны. Сондықтан біз өз жұмысымызда цифрлық құралдарды, дебаттық қозғалыстарды және волонтерлік жобаларды кеңінен қолданамыз. №266 мектеп-лицейінің шәкірттері облыстық, республикалық деңгейдегі форумдарда бой көрсетіп, «Ақмешіт жастарының» авангардына айналып отырғаны осы жүйелі тәлімгерлік жұмыстың жемісі. Біз оқушыға «бірге істейік» деп бағыттаймыз.

Бүгінгі таңда Сыр жастарына қойылатын талап жоғары. Біздің лицей қабырғасында шыңдалған әрбір «Жас ұлан» – елдің ертеңгі тірегі. Тәлімгерлік қызметтің ауқымы жыл санап кеңейіп келеді. Ол – психологиялық қолдау, кәсіби бағдар беру және әлеуметтік бейімделудің біртұтас кешені.

№266 мектеп-лицейінің тәлімгерлері – жас ұрпақтың бойына отаншылдық нәрін егіп, оларды биік белестерге жетелейтін күш. Біздің басты марапатымыз – елінің қамын ойлайтын, білімді де білікті шәкірттеріміздің жарқын болашағы.

Гүлвира АХМЕТ,
№266 мектеп-лицейінің тәлімгері

«Бұрынғы өткен заманда» (1960-90 жылдары) ақпарат көздері өте аз еді. Ал бүгінде біз басқа уақытты бастан кешудеміз. Қазіргі заманның ең басты ерекшелігі, керісінше, ақпараттың тым көптігінде.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ, ПРАКТИКА



Кешегі күні біз ақпарат көздерін іздесек, бүгінде ақпараттың көптігінен тіпті бас сауғалайтын дәрежеге жеттік. Ақпарат өмірімізді мықтап жаулап алған: көшеде жарнамадан аяқ алып жүре алмайсың, үйде теледидар ақпараттың көп бөлігін ұсынады, бірақ ақпараттың ең үлкен көзі – интернет және оған қосылған компьютер мен ұялы телефон. Өміріміздің әр мезеті ақпаратқа тәуелді, онсыз өмір жоқ сияқты болып көрінеді.

Бүгінгі балалар ақпаратқа қол жеткізу тұрғысынан бұрынғыдай ересектерге тәуелді емес. Бүгінгі «бас бармақ ұрпағы» тіпті ересектерден де көп біледі. Алайда білім дегеніміз тек ақпараттан тұрмайтыны бәрімізге аян. Демек, студенттерге баяғыдай ақпарат тасымалдаумен айналыспай, үйретуде басқа идея мен ұстанымдарды, өзгеше амал мен құралдарды пайдалану қажеттілігі бүгінгі күні туындауда.

Ендігі кезек оқытудың мазмұны мен формасын өзгертуге бағытталған эдьютейнмент пен геймификация туралы болмақ. Ғұлама Сократ баяғыда «Таным таңғалудан басталады» деп таным мен білім алудың негізгі шартын анықтап кеткен. Бүгінде балаларды таңғалдыру оңай емес. Өйткені олар үшін ақпарат көздері қолжетімді.

Әрине, көп мәліметтен хабардар студенттердің дәстүрлі сабақ барысында ынталары жоғары болмайтыны сөзсіз. Егерде мұғалім оларға репродуктивті тұрғыдан оқулықта берілгенді тасымалдап тұрса, бұл ақпаратпен таныс әрі оқу процесінің белсенді қатысушысы болғысы келетін студенттерге бұл әрекеттердің қызықты болмасы анық. Ал эдьютейнмент ұғымы студенттерді таңғалдырып, олардың оқып, үйренуге деген қызығушылығын тудырып, білім алуға ынталандырумен байланысты.

«Эдьютейнмент» термині (edutainment) – ағылшынның екі сөзінің қосындысы: education (білім беру) мен entertainment (ермек, көңіл-көтеру). Демек, бұл термин ойын, ойнау арқылы үйрету дегенді білдіреді: эдьютейнмент – білім алушылардың оқуын қызықты қылып ұйымдастыру. Білім алушылар ойнап жүріп үйренгенде көп нәрсені жадына түйіп алатынын психологтар бұрыннан байқаған.

Оқу мен оқытуды қызықты жасап, көңілді түрде өткізу идеясының барлық адамға ұнауы екіталай, өйткені біздің ұғымымызда білім игеру – «инмен құдық қазғандай», яғни өте ауыр жұмыс, мұнда еш қызыққа жол жоқ, мұнда асқан шыдамдылық пен төзімділік керек, жоғары тәртіп қажет, өзіңді ұзақ уақытқа орындыққа шегелеу керек. Алайда балалардың бұл жұмысқа деген зауқы жоғары болмауы заңды, өйткені олардың көңілі далада, ойында. Аталарымыз бекерден бекер оларды «ойын баласы» деп атамаған болар.

Демек, эдьютейнмент дегеніміз оқытуды қызықты жасау, көңіл көтеру арқылы үйрену, үйренуде көңіл көтеру. Көңілді оқытудың негізі – үйретуді қызықты жасау, қарапайым түрде білім алушыларға түсінікті етіп ұйымдастыру, кез-келген сабақты іш пыспайтындай етіп өткізу: эдьютейнмент оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды мотивация арқылы оқыту (білім беру), қызықты нәрселерді қызығып жасау. Ойнап жүріп үйрену – әрі қызық, әрі жеңіл әрекет.

Сонымен, эдьютейнментті оқытудың ерекше түрі деп атауға тұрарлық. Оның негізінде білім алушыларды қызықтыру арқылы оқу материалына назарын аудартып, оларды таным үдерісіне белсенді түрде қатысып, өздігімен танып, үйренуге ынталандыру. Міне, осы дүниелерді ескере отырып, инновациялық білім берудің дамуына бағытталған «Tagam special» жобалық жұмысын әзірледім.

Адами капитал – жұмыскердің еңбек ету мүмкіндігін, олардың еңбегінің жемісті болуын, еңбек өнімділігі мен сапасын көтеретін білім, біліктілік ілім, тәжірибе нысанында адамдарға салынатын капитал.

Әлеуметтік капитал – бұл жеке адамдарға жалпы мақсатқа тиімді жету үшін топта бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ортақ құндылықтар жиынтығы.

Кәсіби капитал – кәсіби күзіреттіліктердің жиыны. Шеберлігі.

Жоба аясында білім алушылардың кәсіби деңгейі артып, бойында өмірлік постулат қалыптасады.

Гүлнәз ҚАРАСАЙ,

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің
өндірістік оқыту шебері

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өсімдік ресурстарын қорғау және ел аумағында қауіпті карантиндік зиянкестер мен аурулардың таралуына жол бермеу карантиндік фитосанитариялық шараларды қатаң сақтауға тікелей байланысты.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ СЫРЫ КӨП

Карантиндік фитосанитариялық шаралар – бұл өсімдіктерді, өсімдік тектес өнімдерді, тұқымдар мен көшеттерді қауіпті зиянды организмдерден қорғауға бағытталған алдын алу және бақылау іс-шараларының жиынтығы. Бұл талаптарды сақтамау ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтіріп, өнім көлемінің азаюына, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына және экономикалық шығындарға алып келуі мүмкін.

Қазіргі таңда сырттан әкелінетін өсімдік өнімдерінің көлемі артып келеді. Осыған байланысты фитосанитариялық бақылаудың маңызы бұрынғыдан да күшейіп отыр. Карантиндік тексеруден өтпеген көшеттер, тұқымдар немесе өсімдік өнімдері арқылы қауіпті зиянкестер мен аурулар жергілікті алқаптарға таралуы ықтимал. Сондықтан импортталатын және ел ішінде тасымалданатын барлық өсімдік өнімдері міндетті түрде фитосанитариялық тексеруден өтуі тиіс.

Карантиндік талаптарды сақтау – тек бақылаушы органдардың ғана емес, әрбір азаматтың, шаруа қожалығы мен кәсіпкердің ортақ міндеті. Өсімдік өнімдерін сатып алу немесе тасымалдау кезінде фитосанитариялық сертификаттың болуына



мән беру, белгісіз көзден алынған көшеттерді отырғызбау – қауіпті жағдайлардың алдын алудың тиімді жолы.

Қорытындылай келе, карантиндік фитосанитариялық шараларды сақтау – елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына және табиғи ресурстарды қорғауға бағытталған маңызды қадам. Әрқайсымыз жауапкершілік танытып, белгіленген талаптарды қатаң сақтасақ, ортақ мақсатқа қол жеткіземіз.

Карантиндік фитосанитариялық шараларды сақтайық – ауыл шаруашылығын бірге қорғайық!

Аралбай ЖАЛҒАСОВ,

ҚР АШМ АӨК МИК Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы өсімдіктер карантині және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы

Кітап – адамзат өркениетінің мәңгілік серігі, рухани бағдар беруші. Кітап оқу – заман өзгерсе де өз маңызын жоғалтпаған пайдалы әдеттердің бірі. Ғылым мен технология қанша дамыса да, адам баласы кітапханаға барып, қағаз иісін сезініп, тыныштықта ой түйуді әлі де жақсы көреді. Бүгінде кітапхана тек кітап сақтайтын орын ғана емес, білім алатын, пікір алмасатын, тіпті демалатын көпфункционалы кеңістікке айналды.

ӘЛЕМНІҢ ӘР ТҮКПІРІНДЕГІ

6 ЕРЕКШЕ КІТАПХАНА



Ал әлемнің кейбір елдерінде кітапханалар кәдімгі қалыптан шығып, тосын, өзгеше сипатқа ие болуда. Осындай таңғаларлық алты кітапханамен таныс болайық.

Піл үстіндегі көшпелі кітапхана

Тайландта білімге деген шынайы жанышарлықтың айқын көрінісі болған «Пілдер жеткізетін кітаптар» атты жоба жүзеге асып келеді. Бұл жоба елдің ең шалғай, жету қиын ауылдарына, тіпті жаңбырлы маусымда да кітап жеткізуді мақсат етеді. Бағдарламаның басты «қызметкерлері» – пілдер.

Пілдердің арқасына арнайы қондырғылар бекітіліп, оған кітап салынған жәшіктер тиіледі. Осылайша шалғай елді мекен тұрғындары сүйікті шығармаларын оқу мүмкіндігіне ие болады. Айта кетерлігі, бұл жоба аясында пілдер тек кітаптар ғана емес, бейнеқұралдар, байланыс құрылғылары мен спутниктік антенналарды да жеткізуді қамтиды.

Кітап тарататын танк

Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласының көшелерінде жүретін ерекше пішіндегі «танк» жайлы білесіз бе? Жылжымалы кітапхананың суретші Рауль Лемесоффос ойлап тапқан. Ол ескі «Ford Falcon» көлігін мобилді кітапханаға айналдырып, танк пішінінде безендірген.

Автор бұл жобасын «жаппай ағарту майданы» деп атайды. Себебі бір мезетте ондаған, тіпті жүздеген адам кітап оқуға қызығушылық танытады екен. Барлық кітап тегін таратылады, тек бір ғана шарт – оқып болған соң, кітапты келесі бір адамға табыстау қажет.

Библиобуррос

Венесуэлада «Библиобуррос» деп аталатын ерекше бастама жолға қойылған. Мұнда кітаптар таулы, жетуі қиын аймақтарға есектер мен қашырлар арқылы жеткізіледі.

Еріктілер қашырға мініп, бірнеше сағатта асу-асуды артта қалдырып, шалғай елді мекендерге жетеді. Сонан соң сол жерде балаларға кітаптарды тегін таратады. Жобаның келесі кезеңінде интернетке қосылуға арналған модемдерді де жеткізу жоспарланған көрінеді.

Левински атындағы кітапхана

Израильдің Тель-Авив қаласындағы орталық автобекетке жақын маңда орналасқан бұл

кітапхана – әлеуметтік мәні зор мәдени нысан. Бұл аймақта негізінен босқындар мен еңбек мигранттары орналасқан.

Кітапхана қабырға бойына орнатылған сөрелерден тұрады және 15 тілде жазылған 3 500-ге жуық кітап қоры бар. Ең ерекше тұсы – мұндағы кітаптар жанрға емес, оқырманға сыйлайтын эмоциялық әсеріне қарай орналастырылған. Яғни оқырман кітапты тақырып бойынша емес, көңіл күйіне сай таңдай алады.

Тәулік бойы қызмет ететін автомат-кітапхана

Тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана бүгінде таңсық емес. Алайда заманауи технология кітапхана саласына да жаңашылдық алып келді. Кейбір елдерде кітапханашының орнын арнайы автоматтар алмастырған. Мұндай жүйе оқырманға кез келген уақытта кітап алып, уақытша пайдалануға мүмкіндік береді.

АҚШ-та осындай автомат-кітапханалар әуежайлар мен автотұрақтар секілді адамдар күтуге мәжбүр хәм жиі жалығатын орындарда орнатылып жатқан көрінеді. Бұл – оқуға деген қызығушылықты арттырудың заманауи әрі тиімді тәсілі.

Су бетіндегі кітапхана

Норвегияда шалғай шығанақтардағы ауылдарға кітап жеткізудің ерекше шешімі табылған. «Эпос» атты кеме сәуірден қыркүйекке дейін жағалаудағы 150 елді мекенді аралап шығады.

Кеме әр ауылға дәл екі сағатқа тоқтап, тұрғындарға алты мыңға жуық кітап қорынан қалағанын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар келесі сапарға дейін оқуға жеткілікті қосымша кітаптар да қалдырады.

Бұл ерекше кітапханалардың барлығы бір ойды дәлелдейді. Кітапқа деген сүйіспеншілік пен білімге деген құштарлыққа шектеу де, шекара да жоқ. Піл мен есек тасымалы арқылы да, танк ішінде де, теңіз бетінде де кітап адамды ойға жетелейді, рухын байытады. Демек қандай жағдай болмасын, адамзат білім мен рухани азыққа жол таба алады. Ал сізде бәрі бар – қалаңыздағы кітапхана, оқуға ыңғайлы тыныш ғимарат, жаңа кітаптар... Сіз осы мүмкіндікті пайдаланып жүрсіз бе?

Аружан ОРАЛБАЙ

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ ӘЛЕМ

Әр дәуірде адамзаттың ақыл-ойын, қиялын әрі үрейін қатар оятқан құбылыстар бар. Ғылым дамып, технология шарықтаған ХХІ ғасырда да әлем жұмбақтары толық шешілді деу қиын. Керісінше, адам баласы неғұрлым көп білген сайын, соғұрлым беймәлім дүниелер көбейе түсетіндей.

Ең алдымен, адамзаттың шығу тегі мен санасының табиғаты – шешімін таппаған басты жұмбақтардың бірі. Ғалымдар эволюция теориясын ұсынғанымен, адамның сана-сезімі, ойлау қабілеті, ар-ұят, түйсік секілді қасиеттері қалай және қашан қалыптасқаны әлі де даулы мәселе. Нейробиология ми құрылымын зерттейді, бірақ «ой» мен «сезімнің» нақты қайдан пайда болатынын дәл түсіндіріп бере алмайды. Сананың өзі – материя ма, әлде одан тыс құбылыс па? Бұл сұрақ философтарды да, ғалымдарды да мыңдаған жыл бойы толғандырып келеді. Кез келген жасар отырысын нағыз дебат алаңына айналдыратын жанды тықырштардың бірі.

Әлемдік мұхит та жұмбаққа толы аймақ. Жер шарының 70%-ын су алып жатса да, түбінің аз ғана бөлігі зерттелген. Тереңдікте қандай тіршілік иелері бар екені, олардың эволюциясы қалай жүргені белгісіз. Кейбір ғалымдар мұхит түбінде адамзатқа беймәлім тіршілік формалары болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Ал теңіздегі жоғалып кеткен кемелер мен ұшақтар, әсіресе «Бермуд ұштағаны» төңірегіндегі әңгімелер әлі күнге дейін нақты дәлелмен толық түсіндірілмей келеді.

Ғарыш – адамзат үшін ең үлкен әрі ең үрейлі жұмбақ. Миллиардтаған галактиканың ішінде Жерден өзге тіршілік бар ма деген сұрақ адам баласын ежелден мазалайды. Ғалымдар экзопланеталарды зерттеп, кейбірінің тіршілікке қолайлы аймақта орналасқанын анықтады. Алайда өзге ғаламшардағы ақылды өмірдің бар-жоғы дәлелденген жоқ. Сонымен қатар «қара құрдымдар», «қара материя» мен «қара энергия» сияқты ұғымдар ғаламның басым бөлігін құраса да, олардың табиғаты толық ашылмаған. Ғарыштың өзі қалай пайда болды, оның соңы бар ма, жоқ па – бұл да ашық күйінде қалған сұрақтар.

Тарих та жұмбаққа толы. Ежелгі өркениеттердің кейбір жетістіктері бүгінгі ғылым үшін де таңғаларлық. Мысалы, Мысыр пирамидаларының қалай және қандай технологиямен салынғаны нақты белгілі емес. Сол сияқты Стоунхендж, Мачу-Пикчу, Назка сызықтары секілді тарихи ескерткіштер туралы



САНҒА ЕМЕС, САПАҒА ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ ҒАНА ӨСУ БОЛАДЫ

Заманың сенімен келіспесе де, сен заманыңмен керіспе. Бүгінде түрлі технологияны меңгеріп, ғаламторды тиімді әрі сауатты пайдалану күнделікті өмірдің бір бөлігі болса, әлеуметтік желі, контент пен таргетинг бизнестің дамуына ықпал ететін маңызды құралға айналды.

Осы салада еңбек ететін SMM мамандары бренд пен аудитория арасындағы байланысты нығайтады. Бұл бағыт несімен ерекше хәм қызық? Осы және өзге де сұраққа жас журналист, SMM маманы Анеля Мади жауап берді.

– Әрине, біздің алғашқы сұрақ – бұл салаға қалай келдініз? – Бала күнімнен шығармашылыққа жақын болдым. Мен үшін әдемі көріністерді бейнелеу, оқу, жазу ерекше әрі қызық жұмыс еді. Бала арман болашаққа жетелеп, шығармашылық салаға алып келді. Қазір журналистика саласында жұмыс істеймін. Бұл бағыт кәсібилікті, үздіксіз дамуды және жан-жақты болуды талап ететінін өзіңіз де білесіз ғой. Міне, сол талап мені жаңа әлемге екелді. Студенттік жылдарымда, нақтырақ айтсақ тәжірибеден өтіп жүргенімде жаңа бағытты байқап көргім келді. Солай трендке айналған SMM саласын таңдадым. Байқап қарасам, мамандығымнан алыс емес екен. Уақыт өте қолым үйреніп, қосымша табыс көзіне айналдырдым. Оқудан бос уақытта кафе, дүкен, оқу орындарының «Instagram» парақшаларын жүргіздім. Бұл салаға келгеніме көп те болған жоқ, шамамен екі жылға жуық тәжірибем бар. Әлі күнге дейін хобби ретінде қатар алып келемін.

– Анеля, негізгі мамандығыңыз – журналист. Медиа саласында жүрген соң түрлі жобаны жүргізу қиын емес шығар, иә?

– Иә, атап өткенімдей, журналистика – әмбебап сала. Мұнда жаза да, сөйлей де, оқиғаны көре де, түсіре де алуын керек. Хобби ретінде басталған SMM саласы кейін табыс көзіне айналып қана қоймай, мамандығыма да септігін тигізді. Менің ойымша, шығармашылыққа жақын адамдар үнемі жаңа дүниені көруді, үйренуді қалап тұрады. Осылайша қызығушылықпен басталып кетті.

– Бізінде бұл салаға келуді қалайтындардың қарасы қалың. Қазіргі еңбек нарығында SMM ретінде сұранысы жоғары маман болу үшін не істеу керек?

– Ебін тапсаң, еңбек көп. Заман талабы да осы. Егер қолдан келіп тұрса, тілін тапса, неге байқап көрмесе? Бастысы – қызығушылық болу керек. Иә, бұл салаға келуді қалайтындар көп. Онлайн жұмыс кестесін де өзің қоясың, еркіндік, уақыт тапсаң жақсы табыс та осында. Жасаратыны жоқ, кейде осындай қолайлылығы үшін таңдайтындар да бар. Бірақ бұл қызығушылық көпке бармайды. Санға емес, сапаға жұмыс істегенде ғана осу болады.

– Түсірілім кезіндегі ерекше оқиғаның бірімен бөліссеніз. – Бұл салаға келгеніме көп бола қойған жоқ. Үлкен жобаларды жүзеге асырдым деп те айта алмаймын. Дегенмен әрбір жобаның өз ерекшелігі мен қиындығы бар. Әсіресе жаңа адамдармен танысып, жаңа орта табасың.

Өндірістік практикада жүрген кезім еді...«Неге Астанаға кетпедім? Үлкен қалада мүмкіншілік те көп болатын еді. Өзім қалаған танымал тұлғалармен күнде кездесетін едім» деп ойлап жүргенмін. Бір түсірілім уақытында ішке таныс бір бейне кірді. Сөйтсем, өзім күнде әлеуметтік желіден қарап, подкасттарын көріп жүрген Әлия Әшім әпкеміз екен. Сәлемдесіп, мейрамхана атынан кофе мен десерт ұсындым. Өте қарапайым, жылы жүзді кісі. Мейрамхана тағамдары туралы әсерімен бөліскен видеоны да түсіріп үлгердік. Бұдан бөлек, театр және кино саласының мамандарын, өнер адамдарын жиі көріп тұрамын. Мен үшін ең ерекше оқиға осы.

– Рақмет! Ал Қазақстандағы SMM-нің бүгінгі мен ертең жайлы не айта аласыз?

– Қазір мектеп қабырғаларында да бұл сала пән ретінде қарастырылып жатыр, түрлі үйірме бар. Жастарға білуге, көруге мүмкіндік жеткілікті. Сондықтан қазірден бастап заманауи мамандықты игеруіміз керек деп ойлаймын. Табыс көзі ретінде ғана емес, әр адамның жеке қажеттілігі үшін керек сала. Болашақта маңызды мамандықтың қатарына енетіне сенімдімін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен: Ақбота ҚОЛҒАНАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
2-курс студенті

түрлі болжам бар, бірақ біржақты жауап жоқ. Бұл нысандар адамзаттың өткендегі білімі біз ойлағаннан әлдеқайда терең болғанын аңғартатындай.

Уақыттың өзі де – жұмбақ. Физикада уақыттың салыстырмалы екені дәлелденгенімен, оның мәні әлі де толық түсіндірілмеді. Уақыт тек алға жылжып ма, әлде басқа өлшемдерде өзгеше жүре ме? Кейбір теорияларда параллель әлемдер, уақыт ілмектері туралы айтылады. Бұл әзірге ғылыми-фантастикаға жақын көрінгенімен, ғылым тарихында қиял, кейін шындыққа айналған мысал аз емес. Байқадыңыз ба, уақыт қазір бұрынғыға қарағанда тез өтіп, күн мен түннің қалай алмасып жатқанын аңғармай қалып жүрміз.

Табиғаттағы тосын құбылыстар да адамды таңғалдырады. Шарлы найзағай, кенеттен жоғалып кеткен адамдар, түсініксіз дыбыстар мен жарықтар – бұлардың кейбіріне ғылым ішінара түсінік бергенімен, барлығы толық зерттелді деу қиын. Мұндай құбылыстар адамзаттың табиғат заңдарын әлі де терең білмейтінін көрсетеді.

Әлем жұмбақтары адам баласын қорқыту үшін емес, ойландыру үшін қажет секілді. Белгісіздік – дамудың қозғаушы күші. Егер бәрі алдын ала белгілі болса, ғылым да, өнер де, философия да алға жылжымас еді.

Нұршат НЫШАНОВА

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 5110
Тапсырыс: 149